# SARYARQA

25 qyrkúıek 2020 jyl

Saryarqa.info

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№35 (8199)



KÚN TÁRTIBI
НАҚТЫ МІНДЕТТЕР ЖҮКТЕЛДІ
2-бет

AINA
ЖАҚСЫЛЫҚТАН КҮДЕР ҮЗБЕЙМІЗ
3-бет

ÁLEÝMET
АУЫЛДЫ ҚОЛДАУ – БОЛАШАҚТЫ ОЙЛАУ
4-бет

KELBET
АМАНАТ АРҚАЛАҒАН АЗАМАТ
5-бет


# ҒАСЫР МЕТАЛЫН ӨНДІРУШІЛЕР

***Еліміз Тәуелсіздік алып, бұрынғы жоспарлы экономикадан нарыққа көшкен алғашқы кезеңде өнім өткізуде тығырыққа тірелген көптеген кәсіпорынның тұралап қалғаны белгілі. Осындай қиын жағдайға ұшыраған «Жезқазғантүстімет» акционерлік қоғамының қызметін тұрақтандыру жөніндегі Үкімет қолға алған шараларға байланысты Жезқазған мыс өндірісін басқаруға Оңтүстік Кореяның «Самсунг» корпорациясы келген тұста еліміздің стратегиялық және экономикалық мүддесін қорғау үшін сирек металдарды мемлекеттің иелігінде сақтап қалу мәселесі туындаған болатын.***

***Осыған орай ҚР Үкіметінің 1995 жылғы 28 қыркүйектегі қаулысымен «Жезқазғансирекмет» республикалық мемлекеттік кәсіпорны құрылып, осмий-187, рений өнімдерін, құрамында күміс және алтын бар шламдарды, сондай-ақ, сирек кездесетін басқа да бағалы металдарды өндіруді одан әрі дамытып, нығайтуда мемлекеттік монополияны сақтау міндеті алға қойылды. Кәсіпорын содан бері ел экономикасын нығайтуға өз үлесін қосып келеді. Бүгінде ширек ғасырлық белесіне жеткен іргелі өндірістің қаз тұрып, қалыптасу кезеңі мен ең бағалы өнімдердің бірі – жаңа ғасыр металын өндіруді жолға қоюы жайлы мақаламызды оқырмандар назарына ұсынамыз.***



Жезқазған жерінің қазба байлықтары мен оның ерекшеліктері туралы табандылықпен зерттеген білікті геолог, ғұлама ғалым Қаныш Сәтбаев «Жезқазған – Қазақстанның інжу-маржаны» деген теңеуді бекер айтпаған. Қаныш Имантайұлы Орталық Қазақстанның металлогениялық болжам картасын жасағанда Жезқазған өңірінің қойнауында мол мыс кенінен бөлек, сирек кездесетін түсті металдардың да бай қоры бар екендігін ғылыми жолмен зерделеп берген еді. Осының ішінде алтын, күміс бастаған сурьма, рений, осмий, селен, теллур сияқты бағалы металдарды айырып алу арқылы кен өндіруден түсетін пайданы әлденеше еселей түсуге болатынын болжаған екен. Бір ғажабы, ең қымбат металл саналатын осмий әлемнің бірен-саран жерін айтпағанда, негізінен біздің өңірдегі кен жыныстарының құрамында ғана кездесетін көрінеді. Айтулы ғалымдардың атсалысуымен осыдан 25 жыл бұрын сирек металдар цехында осы осмий-187 изотопының ұнтағы алғашқы рет алынды. Жаңа ғасыр қарсаңында игеріле бастаған бұл бағалы өнім мамандар арасында «Ғасыр металы» деген атауға ие болды. Бұл жетістік талай жылғы ізденіс пен жүйелі еңбектің нәтижесі десе болғандай.

Бағалы өнімдерге қол жеткізу жолындағы алғашқы талпыныс 1975 жылы Жезқазған мыс қорыту зауытының технологиялық бір құрылымы ретіндегі сирекметалдар цехын іске қосудан басталған еді. Екі жылдан кейін мұнда шаю қышқылынан аммоний перренаты алынды. Ал, 1991 жылы бірінші рет рений қышқылы, 1992 жылы қорғасын сурігі алынса, 1995 жылы әлемдік рынокта ең бағалы металл саналатын осмий-187 изотопының ұнтағын алғашқы рет алу ел өміріндегі елеулі оқиға ретінде бағаланды. Бұдан кейін 1996 жылдың желтоқсанында цехта бірінші рет металдық рений ұнтағы алынса, 1999 жылы үш негіздегі қорғасын сульфатын өндіруге қол жеткізілді.

►►*3-бетте*

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫ ҚАЗАҚСТАН

# ЖЕТІСТІК ТАРИХЫ

***С.Қожамқұлов атындағы Жезқазған қазақ музыкалық-драма театры ел Тәуелсіздігінің іргетасын қалаушылардың қатарынан болғанына тарих шежіресі куә.***

Біздің театр Егеменді елдің туын көкке самғату үшін әлемдік классика мен заманауи драматургияның үздік шығармаларын сахналап, театр фестивальдерінде үздіктер қатарынан бой көрсетіп келеді. Атап айтар болсақ, Ғ.Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» спектаклі үшін 1992 жылы республикалық театр фестивалінде Бас жүлде иегері атанса (реж. Ж.Хаджиев), осындай мәртебелі жеңісі үшін Тәуелсіз елдің атынан алғаш рет Мысыр елінде өткен Халықаралық театр фестивалінде өнер көрсетті. 1993 жылы Мысыр елінен абыроймен оралған С.Қожамқұлов театры жеңіс шеруін жалғастырды. 1995 жылы Абай Құнанбайұлының 150 жылдығына арналған Республикалық театр фестивалінде Бас жүлде иеленді. К.Ахметовтың «Ерте ояндым, ойландым, жете алмадым» шығармасымен театр сыншылары мен көрерменнің үздік бағасын алды. Ал, Д.Жанботаев «Ең үздік эпизодтық ер адам рөлі» номинациясының жеңімпазы атанып, 1994-1996 жылдары үздіктер қатарынан көрінді.

90-шы жылдарды табысты аяқтаған театр, жаңа ғасырға жаңа жеңістермен қадам басты. 2000 жылы Павлодар қаласында И. Байзақовтың 100 жылдығына арналған Республикалық театр фестивалінде Ә.Тәжібаевтың «Көтерілген күмбез» спектаклі үшін Гран-при иегері атанып, С.Бұлғақбаев «Ең үздік ер рөлі» номинациясын жеңіп алды.

2005 жылы Қызылорда қаласында өткен Республикалық театр фестивалінде К.Әбдірахманның «Кетбұқа» спектаклі «Тарихи тақырыпты игергені үшін» номинациясын жеңіп, Д,Кенжеев «Ең үздік ер рөлі» номинациясын қанжығасына байлады.

Театр ұжымы жыл сайын Қарағанды қаласында өтетін «Театр – балалар көзімен» аймақтық фестиваліне балалар спектакльдерімен тұрақты түрде қатысып, 3 жыл қатарынан жүлделі І орынды иеленді. 2002 жылғы фестивальде Р.Ибраева «Сиқырлы кітап» ертегісі үшін «Үздік драмалық шығарма», С.Бұлғақбаев «Ең үздік ер ролі» номинациясын алды. 2007 жылғы аймақтық фестивальде Р.Ибраеваның «Алпамыс батыр» ертегісі фестивальдің бас жүлдесін жеңіп алса, сол жылы осы пьеса ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің патриоттық тақырыпқа арналған музыкалық туындылар мен драмалық шығармаларға жариялаған конкурста мемлекеттік Грантқа ие болды. 2009 жылдың қыркүйек айында Қарағанды қаласында өткен XVII республикалық фестивальде ҚР халық әртісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Д.Жанботаев К.Ахметовтің «Қанда бар ғой, қанда!» спектакліндегі рөлі үшін «Ең үздік ер ролі» номинациясын иеленді. Әртіст осы рөлі үшін жыл басында «Жыл артисі» номинациясы бойынша облыс әкімінің «Алтын қобыз» жүлдесін алған еді. Осы сыйлыққа 2007 жылы «Үздік театр суретшісі» номинациясымен театр суретшісі Т.Мұстафинов, 2008 жылы «Үздік эпизодтық рөлі үшін» номинациясы бойынша театр әртісі Ж.Бірмұханов, 2010 жылы «Жыл әртісі» номинациясы бойынша облыс әкімінің «Алтын қобыз» жүлдесіне ҚР еңбек сіңірген әртісі С.Бұлғақбаев ие болды.

►►*3-бетте*

# «БҰЛ ЖОЛ – ӨЗІМ ТАҢДАҒАН ЖОЛ»,–

***дейді ҚР-ның мәдениет қайраткері Салтанат НҰРЛЫБАЕВА***



***«Мен теміржолшының қызымын. Анам – үй шаруашылығындағы әйел. Екеуі де мәдениет пен өнерге қатысты қызмет саласында болған емес. Шешем музыкалық аспаптарға құмар еді. Өзі тілін білмесе де біздің туған күндерімізге сыйлыққа үйге домбыра, мандолин, сырнай сатып әкеп қоятын. Сол аспаптарды қызықтап жүріп марқұм болған ағам Жақсылық музыкаға, өнерге ынталы болып өсті. Анамыз сатып алып берген аспаптардың бәрін үйреніп алды. Кейде өзім де: «Осы мәдениет пен өнерге құштарлық маған қай қаннан берілді екен», – деп ойланатыным бар. Сонан соң «арғы ата-бабаларым не болмаса нағашы жағынан келетін бабаларымыз әнші не күйші болған шығар» деп өз сауалыма өзім жауап беріп қоямын. Мен мәдениет саласының қызметкері болуды қаладым. Бұл – менің өз таңдауым». Мектеп бітіріп, үлкен өмірге қадам басқан шағынан сыр тарта отырып әңгімелескен кезімізде Салтанат өз ойын осылай бір түйіндеп тастады.***

Жаңаарқа ауданы орталығындағы С.Сейфуллин атындағы орта мектепті 1977 жылы 24 түлек ойдағыдай бітіріп, әрқайсысы өз көңіл қалауларымен өмір жолына түсіп жатты: бірі ауылда қалды, бірі училищелерге құжаттарын тапсырды, енді біреулері Алматы, Қарағанды, Жезқазған қалаларындағы жоғарғы оқу орындарына түсіп, жоғары білім алуды таңдады. Салтанат «Шымкент қаласында жоғары білімді мамандар даярлайтын институт бар» дегенді естіп, түстіктегі тірлігі қайнаған шаһарға қарай тартты. Мақсаты – жоғары білімді мәдениет қызметкері болу. Сонан соң мектеп қабырғасында жүріп үйренген, кейін ол өнерін музыка мектебінің домбыра сыныбында шыңдаған домбырашылығын дамыту.

Иә, ол мәдениет саласы маманы болуды ешкімнің ақыл-кеңесінсіз өзі таңдады. Таңдауын анасына айтқан. Анасы: «Қарағым, мынау іргедегі Қарағандыға неге бармадың? Жұрттың баласы заңгер, экономист, мұғалім болам деп талаптанып жатыр. Сен мәдениет саласында қызмет ететін боламын», – дейсің деп ашық қарсылық жасамаса да, қызының таңдауын олқысынып тұрғанын ақырын сездірген болатын.

Алған бетінен қайтпайтын өжеттігі, қайсарлығы бар қыз өз дегенінде тұрды. Жол жүгін жинастырып, түу сонау түстіктегі Шым қалаға тартты. Қасында – анасы. «Өзімде тауып бара аламын ғой, әуре болмашы» дегеніне анасы да көнбеді. Бантигін кеше ғана тастаған қызын бейтаныс қалаға беталды жібере салып, байыз тауып үйде отыра ала ма ана деген? Қызымен қоса кетті. Қанатты арман жетелеп Арқадан шырайлы Шымкентке келген Салтанаттың жолы болды. Әл-Фараби атындағы Шымкент педагогикалық мәдениет институтына оқуға қабылданды. «Мәдени-ағарту жұмысы» біліктілігі бойынша білім алуды қалаған Салтанат алғашында үркектей келген Шымкентке тез бауыр басып, студент жастардың қайнаған ортасына еніп кете берді.

Институт жанынан құрылған халық аспаптар оркестрінде домбырашы болып өнерін шыңдай бастады. Күндіз – теориялық, практикалық сабақтар, кешке – оркестр даярлығы, концерттер. Дамылсыз күндер бір-біріне жалғасып жүріп жатты.

– Былай қараған адамға мәдениет қызметкері болып оқудың еш қиындығы жоқ сияқты болып көрінеді. Шындығында, оның да зеректікті, білімді, дүниетанымды, ойлылықты қажет ететін пәндері жетерлік. Менің ойымша, мәдениет пен өнер саласында кез келген адам табысты еңбек ете алмайды. Осы салаға бейімі бар, таным-түйсігі терең, қағылез, мәдениет дегеннің не екенін жан-тәнімен түсіне алған, өнер әлемінен хабары бар, хабары бар ғана емес, сол әлемде өмір сүре алатын адам ғана шыдап, қызмет жасай алады. Институттағы сабақ кезінде сүйікті ұстаздарымыз бізді осылай тәрбиеледі. Мәдениет тарихынан бастап, мәдени-ағарту жұмыстарының бүге-шігесіне дейін тәптіштеп түсіндіріп, бойымызға сіңірді»,– дейді Салтанат Сүлейменқызы.

Сөйтіп ата-ана мен бауырларының ортасында еркелеп өскен қыз орта көріп, республиканың түпкір-түпкіріне келген замандастарымен танысып, дос тауып, бала көңілі байыпты оймен толыса бастады. Ең бастысы, өзі таңдаған мамандықтың қызығы мен қиындығын жан-тәнімен сезінді.

Ұйымдастырылатын мәдени іс-шараның мақсатын айқындап, тақырыбын белгілеу, оның сценарийін жасау, шараның табиғатына сай музыкалық нөмірлерді таңдау, сахна мәдениеті, оның безендірілуі, жарық түсіру т.с.с. сияқты ізденуді талап ететін шаруалар жетіп артылады. Демек, мәдениет саласы қызметкері болдың екен, сен сан салалы шығармашылық адамы болуың қажет. Кейде іс-шара барысында күтпеген тосын жағдайлар болып қалады. Одан табан астында шығудың жолы қандай? Мұндайда тапқырлық пен шешімді қимыл қажет. Салтанат институт қабырғасында жүріп осы мәселелердің қыр-сырына қанығып өсті. Институт қабырғасынан да, көрермен ретінде қатысқан түрлі мәдени іс-шаралардан да ол көп үйренді. Жадына жазып, жанына түйді. 1981 жылы сүйікті институтын ойдағыдай тәмамдап, Қазақ КСР Мәдениет министрлігінің жолдамасымен Жезқазған қаласына келді.

Облыс орталығы болып, қызу тірлігін қаузап жатқанына сегіз жыл болған Жезқазғанның өз басында да, облысқа қарасты қала-аудандар мен ауылдарда да мәдениет саласы бойынша шешуін күтіп жатқан түйінді мәселелер жеткілікті болатын. Осы мәселемен тікелей айналысатын Жезқазған облыстық мәдениет басқармасы – жас маман Салтанат Әбішеваның *(ол кезде тұрмысқа шығып, Нұрлыбаева деген фамилияны алмаған кезі – авт.)* алғаш еңбек жолын бастаған құтты мекеме. Ол кезде Жезқазған облыстық мәдениет басқармасының бастығы партия-кеңес жұмысының шыңдалған қызметкері, Ұлы Отан соғысының ардагері, мәдениет саласының майталманы Қалкен Мәкенбаев болатын.

►►*5-бетте*

***19 қыркүйекте «World Clean up day 2020» дүниежүзілік акциясы өтті. Қазақ тіліне аударғанда «Әлемнің тазалық күні» деген мағына беретін бір күндік сенбілікке жезқазғандықтар да белсене қатысты.***

# ЖАҒАЛАУ ҚОҚЫСТАН ТАЗАРТЫЛДЫ



«Таза Қазақстан» экологиялық қозғалысы аясында ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің қолдауымен «Қазақстанның экологиялық ұйымдарының қауымдастығы» ЗТБ, «Lets do it, Qazaq eli» ҚҚ, «Жасыл экономиканы қолдау және G-Global-ды дамыту коалициясы» ЗТБ ұйымдастыруымен өткен акция барысында Кеңгір жағалауы тазартылды. Бұл жұмыстарға 5 мыңға жуық қала тұрғыны жұмылдырылды. Қоршаған ортаға бей-жай қарамайтын азаматтар 80 тонна қоқыс жинаған. Оны шығаруға 10 арнайы техника тартылды.

Әлемдік тазалық акциясы Жезқазған қаласының әкім Қайрат Әбсаттаровтың бастамасымен қолға алынған «Кеңгірге – баршамыздан және әрқайсымыздан қамқорлық» жобасымен үндескенін де айта кеткен жөн.



SARYARQA-АҚПАРАТ

## Президент тапсырмасы: Елімізде жыл сайын 372 млн түп тал егіледі

***– Мемлекет басшысының биылғы Жолдауындағы тапсырмаға сәйкес Қазақстан аумағында жылына 372 млн түп ағаш отырғызылады. Бұл туралы ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі Ерлан Нысанбаев мәлім етті, – деп хабарлайды ҚазАқпарат.***

«Мемлекет басшысы өзінің биылғы Жолдауында ел аумағында орман алқабын ұлғайту керектігін айтты. Яғни 2025 жылға дейін Қазақстан бойынша 2 млрд түп ағаш отырғызу міндеті тұр. Бұл дегеніміз 85 мың га жерді құрайды. Бүгінде ел көлеміндегі орман алқабы 6 млн гектарға жетіп отыр. Өздеріңіз білетіндей, біздің елімізде далалық алқаптар көп, ендігі мақсат – сол бос жерлерді орманға айналдыру», – деді Е. Нысанбаев БАҚ өкілдерімен өткен жиын барысында. Оның айтуынша, елімізде ағаш отырғызу процесі әр өңірдің климаттық жағдайына қарай жүргізіледі. «Айтар болсақ, солтүстік аймақтарда көбіне аққайың, шырша және қарағай отырғызылатын болса. Оңтүстік аймақтарда терек пен қара ағашқа көп мән беріледі. Сол сияқты оңтүстік және батыс аймақтар сексеуілдің отаны болып есептеледі. Есеп тілімен айтқанда, 2025 жылға дейін 1 га аумаққа 4300 түп ағаш отырғызылмақ. Осы 4300 түп ағашты 85 мың га жер көлеміне көбейтсек, демек жылына 372 млн түп ағаш отырғызамыз деген сөз. Сонда 5 жыл ішінде ел бойынша 1 млрд 860 млн түп ағаш егіледі. Одан бөлек, осы 5 жылдың ішінде бұрын шықпай қалған көшеттердің орнына қайта ағаш отырғызуды қолға алмақпыз. Осының бәрін есептегенде 5 жыл көлемінде Президенттің тапсырмасына сай 2 мрлд түр ағаш отырғызу нормасын орындаймыз деп ойлаймын», – деді ол. Еске сала кетсек, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған биылғы Жолдауында 2025 жылға дейін ел көлемінде 2 млрд түп ағаш отырғызу міндетін қойған болатын.

## Парламент мемлекеттік қызметшіге сыйлық сыйлауға тыйым салатын құжатты қабылдады

***Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында палата депутаттары сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша құжатқа Сенат енгізген толықтырулармен келісті, – деп хабарлайды ҚазАқпарат.***

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заң жобасын Парламент Мәжілісі 2020 жылғы 3 маусымда мақұлдаған. Сенат енгізген өзгерістер Мәжіліс мақұлдаған заң жобасының тұжырымдамасын өзгертпейді және мазмұнын нашарлатпайды. ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінен түзетулерді алып тастау – осы кодекске жеке заңмен ғана өзгерістер немесе толықтырулар енгізуді талап ететін норманың 2020 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енуіне байланысты. Бас комитеттің отырысында келіп түскен өзгерістер жан-жақты қаралды. Осыған орай Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті Сенат енгізген өзгерістермен келісуді ұсынады», – деді депутат Жанат Жарасов. Бұдан бұрын хабарланғандай , биыл 17 қыркүйекте Парламент Сенатының жалпы отырысында палата депутаттары «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын екінші оқылымда талқылады. Құжатқа толықтырулар енгізілгендіктен, заң жобасы Мәжіліске қайтарылды. Заң жобасының негізгі міндеті – сыбайлас жемқорлық көріністерінің жүйелі түрде алдын алу жөніндегі қосымша шараларды енгізу. Атап айтқанда, мемлекеттік қызметшіге құны қандай да болсын сыйлықтар сыйлауға тыйым белгіленеді. Сондай-ақ өзіне сыбайлас жемқорлық шектеулерін қабылдайтын адамдардың отбасы мүшелеріне материалдық сыйлықақы, сыйлықтар немесе көрсетілетін қызметтер қабылдауға тыйым енгізіледі.

## Өнеркәсіпті дамыту қоры құрылды

***– Елімізде Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ құрылды, – деп хабарлайды ҚазАқпарат ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлгінің баспасөз қызметіне сілтеме жасап.***

Қор Индустриялық даму және «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламаларының қаржы операторы – «ҚДБ-Лизинг» АҚ базасында құрылды. Мемлекет басшысы 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауында атап өткендей, еліміздің алдында тұрған маңызды міндет - өнеркәсіптік әлеуетті барынша дамыту. Үкімет алдына ішкі және сыртқы нарықтарда өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру бойынша міндеттер қойылды. Сонымен қатар Мемлекет басшысы өңдеу өнеркәсібінің өндірісін бес жыл ішінде кем дегенде 1,5 есе арттыруды тапсырды. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі ҚДБ-Лизингімен бірлесіп өңдеу өнеркәсібінің отандық кәсіпорындарын жаңғырту және отандық өндіріс тауарларына сұранысты ынталандыру жөніндегі бағдарламаларды іске асыруда. Қорды құру өңдеуші өнеркәсіптің отандық кәсіпорындарын мемлекеттік қолдау шараларын кеңейтуге мүмкіндік береді. Қор отандық кәсіпорындарды 3%-дан аспайтын мөлшерлеме бойынша қолжетімді қаржыландыруды қамтамасыз етуге бағытталатын болады. Қор қызметінің негізгі басымдығы ағымдағы жылдың қыркүйегінде Мемлекет басшысының «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауында қойылған міндеттер шеңберінде стратегиялық инвестициялық жобаларды іске асыру болады.

ҚАЛАЛЫҚ ӘКІМДІКТЕ

# НАҚТЫ МІНДЕТТЕР ЖҮКТЕЛДІ

***Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Әбсаттаровтың қатысуымен өткен аппарат отырысының күн тәртібіне алты сұрақ шығарылды. Оның алғашқысы бойынша құрылыс бөлімінің басшысы Мәруа Келмағамбетова есеп берді. Қаланың бас құрылысшысы өңірлерді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының іске асу барысын баяндамасына арқау етті.***



– Өңірлерді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының бір міндеті – халықты сапалы ауыз сумен тиімді және ұтымды қамтамасыз ету. Аталған мемлекеттік бағдарлама аясында биыл жалпы құны 4,1 млрд теңгені құрайтын 4 жоба іске асырылуда. Қала ішіндегі су құбырларын қайта құрылымдаудың 2, 3 кезегі 2017 жылдан бастау алса, 2019 жылдан бері су құбырларын құрылымдаудың 3 кезегі мен шаруашылық ауыз су тазарту ғимаратын қайта құрылымдау қолға алынды. Қайта құрылымданатын қалаішілік су құбырлары 1, 2, 3 кезек жобаларының жалпы ұзындығы – 224,7 км. Оның ішінде магистральді су құбыры – 21,1 км, ішкі желілер – 203,6 км, – деген Мәруа Көңілбайқызы 2017-2019 жылдар ішінде 1,2,3 кезек бойынша құны 2,5 млрд теңгені құрайтын ұзындығы 80,4 км ауыз су құбыры жаңартылғанын жеткізді. 2020 жылға жоспарланған 96,6 км су құбырының бүгінде 29,3 шақырымы тартылған. Тозығы жеткен желілерді толығымен жаңарту 2021-2022 жылдары аяқталады деп жоспарланған. Жыл соңына дейін 2,3 кезектегі қалаішілік су құбырларын құрылымдауға облыстан бөлінген шамамен 104 млн теңге көлеміндегі қаржының игерілмей қалу қаупі барын жеткізген құрылыс бөлімінің басшысына Қайрат Бектайұлы:

– Мердігерлер «Құрылыс» ЖК, «НС Система» ЖШС жұмысты ширата түсуі керек. Бірақ, бұл қаржыны қайтсек те игереміз деп құбыр салу жұмысын сапасыз орындау дегенді білдірмейді. Сіздер бірінші кезекте санға емес, сапаға жұмыс жасауларыңыз қажет. Сапасыз тартылған желілер біздің тарапымыздан қабылданбайтынын ескертемін, – деді.

Аппарат жиналысында қаралған келесі мәселе – қаланың коммуналдық шаруашылығы. Бұл сұраққа қалалық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімі лауазымына тағайындалған Кеңгірбай Смағұлов тоқталды. Оның айтуынша, күн сайын 15-20 қоқыс алаңынан габаритті емес, құрылыс және басқа қалдықтарды шығару жүзеге асырылады. Сонымен қатар, қала тұрғындары рұқсат етілмеген 132 жерден жасап алған 26 қоқыс алаңы қазір толық тазартылған. 189 қоқыс алаңын тазартуға міндетті «Сәт тазалық» ЖШС, габаритті емес қоқыстарды шығаратын «Жар-2013» ЖШС жұмыскерлері де жұмысты жандандырған. Қаланы жарықтандыру бойынша да бірқатар жұмыстар атқарылуда. «Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020» бағдарламасына жарықтандыру желілері бойынша жалпы сомасы 309 868 мың теңгені құрайтын 14 жоба енгізілген Бүгінгі таңда оның 12 жобасы аяқталды.Аталған бағдарлама аясында қалада барлығы 712 баған мен 757 шам орнатылмақ. Жергілікті бюджет қаржысы есебінен жалпы сомасы 15 600 мың теңгеге тағы 43 баған мен 51 жарықдиодты шам орнату жоспарланған. Қоғамдық орындар мен көшелерде істен шыққан 38 шамды бес күннің ішінде «Горэлектросеть» ЖШС ауыстыратынын жеткізген жаңа басшыға қала әкімінің жүктеген міндеттері де болды.

– Қаланың коммуналдық шаруашылығында қордаланған мәселелер көп. Сондықтан, Сізге артылып отырған жауапкершілік те зор. Сенбіде өткен әлемдік тазалық акциясы аясында Кеңгір жағалауын қоқыстан тазартқандай болдық. Енді жағалауға көлік бара алмайтындай жағдай жасауды ойластыру, жасыл желектерді суаруды ұйымдастыру, жезқазғандықтарды сапалы ауыз сумен, жылумен қамтамасыз ету Сізге жүктеледі,– деген Қайрат Бектайұлы қаланың коммуналдық шаруашылығына бас-көз болған Кеңгірбай Қоңырұлының жұмысына сәттілік тіледі.

75 жезқазғандық кәсіпкер өзіне тиесілі аумақты қоқыстан тазартып, абаттандырғанынан, Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 505-бабы бойынша жыл басынан 780 хаттама толтырылып, шағын және орта бизнес өкілдері мен тұрғындарға айыппұл салынғанынан хабардар болған қала әкімі сумен, жылумен жабдықтау кәсіпорнының бас инженері Геннадий Кимнің есебін тыңдады. Бір аптаның ішінде су құбыры желісінде 5 рет ақау орын алып, кәріз жүйелері 73 жерден бітеліп, суару желілер 20 жерден жарылған екен. 15 қыркүйектен бері жөндеудегі Үйтас-Айдос су құбыры іске қосылатынын жеткізген бас инженер қалаға 10 қазанда жылу берілетінін айтты. Сонымен қатар, жылу маусымына дайын емес тұрғын үйлердің мәселесін қозғады. Жезқазғанда ПИК-ке қарамайтын 84 үйдің бүгінде бесеуі ғана жылу маусымына дайындық актісін алған. Қалған үйдің тұрғындары жылусыз қалмау үшін тұрғын-үй инспекциясының басшысы Алиса Сағымбаеваға бірқатар тапсырма берілді. Жылы сусыз отырған 50 көп қабатты үй тұрғындарының мәселесін шешуді қадап тапсырған қала басшысы мекеме мен кәсіпорын басшылары азаматтардың өтініш-шағымдарына дереу жауап қайтару керектігін қатаң ескертті.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: сенімге – серпін!

# САПАЛЫ НӘТИЖЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН ЖҮЙЕЛІ РЕФОРМАЛАР

***Қазақстанды дамудың жаңа деңгейіне көтереді***

***2020 жылғы 1 қыркүйекте Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауын жариялады. Жолдауда бірқатар экономикалық және әлеуметтік маңызды тақырыптар қозғалды.***



Жолдау мемлекеттік басқарудың жаңа моделі саласында реформалар жүргізуге түрткі болды. Стратегиялық құжаттың ерік-жігерлік сипаты, Президенттің өзі белгілеген және жүргізіп жатқан реформалардың тағдырына алаңдаушылығы, оның экономиканың одан әрі өсуіне және әлеуметтік саланың дамуына бағытталуы – Мемлекет басшысының «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауының айрықша белгілері.

Ел дамуы үшін маңызды құжатты жариялаған Президент төтенше жағдай мен жеті айлық карантин кезінде тынбай жұмыс істеп келе жатқан дәрігерлерге, әскерилерге, құқық қорғау қызметкерлеріне, кәсіпкерлерге және карантин кезінде ерекше үлестерін қосқан еріктілерге шын жүректен алғысын білдірді. Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік басқарудың жаңа моделін қалыптастыру міндетін қойып отыр. Бұдан келіп шығатыны, кадр саясаты бұл үшін жеткілікті білімі ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік басқарушы үшін қажетті қасиеттері – біліктілігі, экономикалық дағдарыс, пандемия және Мемлекет басшысы жариялаған саяси жүйені жаңғыртуға байланысты қоғамды демократияландырудың басталған процестері жағдайында жұмыс істей алатын азаматтарды мемлекеттік лауазымдарға тарту тұрғысынан қайта қаралатын болады.

Жолдаудан күтетініміз – мемлекеттік қызмет жүйесінде де елеулі өзгерістер болады. Онда биыл мемлекеттік аппарат пен квазимемлекеттік секторды 10% - ға қысқарту жоспарланып отыр.Босаған қаражат мемлекеттік қызметшілер мен квазимемлекеттік сектор қызметкерлерінің жалақысын көтеруге бағытталатын болады. Осылайша, Қазақстан Президенті экономикалық тетікті қосу арқылы мемлекеттік қызметте сыбайлас жемқорлық көріністеріне құқықтық тосқауыл жасайды.

Мемлекет басшысы елде белгіленген және жүргізіліп жатқан реформаларды жүзеге асыруға байыпты алаңдаушылық білдіруде. Сондықтан Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің конституциялық құқығын пайдалана отырып, Президентке тікелей бағынатын Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттік құру туралы өз шешімін айтты. Бұдан басқа, барлық реформалар осы реформаларды жоспарлау мен үйлестіру үшін міндеттерді, міндеттер мен жауапкершілікті жаңадан құрылатын агенттікке жүктей отырып, ұзақ мерзімді стратегиялық жоспарлау негізінде жүргізілетін болады.

Саяси реформаларды жалғастыру ауыл әкімдерінің сайлануына көшумен және азаматтық қоғамды одан әрі дамытумен байланысты. Қазақстан бірнеше маңызды халықаралық пактілерге қосылу процесінде екендігі айтылды. Бұл түйінді шешімдер Қазақстандағы адам өмірінің тікелей бағасымен, оның басымдығымен, балалар құқықтарымен, азаптауға жол бермеумен және тағы басқа – көптеген жылдар бойы бізді сынағанымен байланысты. Осылайша, бұл көлемді стратегиялық құжат бір уақытта көптеген шешімдердің жүйелілігін көрсетеді және өз пікірі бар адамдар мен қозғалыстар бұған қосыла алатындай көптеген ашық есік қалдырады.

Президенттің шағын және орта бизнесті мемлекет пен оның органдары, соның ішінде құқық қорғау және фискалдық органдары тарапынан оның қызметіне кез келген заңсыз араласудан заңды түрде қорғау тапсырмасы ерекше назар аударуға тұрарлық. Мемлекет басшысының бұл тапсырмасы әлемдік экономикалық дағдарыстың және коронавирустық пандемияның әсерінен Қазақстанда өсуі айтарлықтай төмендеген экономиканы көтеру қажеттілігін терең түсінуге негізделген. Елдің болашағы экономиканы сауықтыру процесінің қаншалықты тез жүретініне байланысты.

Президент Жолдауындағы тағы бір маңызды блок мемлекеттік басқару реформасына қатысты. Бұл жерде Ұлттық экономика министрлігінің реформалар, статистикалық есеп және бәсекелестікті қорғау сияқты бірқатар функциялары үкімет құрамынан шығып, Президент Әкімшілігінің бақылауына өтетініне назар аударған жөн. Ол үшін реформалар жөніндегі Жоғары Президенттік Кеңес құрылады. Мемлекет басшысы іс жүзінде реформаларды басқару штурвалын өзіне алады.

Шын мәнінде, мемлекет өзінің бастапқы негізгі міндеттеріне оралады: қауіпсіздік, денсаулық, білім, азаматтардың құқықтары. Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, қалғандарының барлығымен бизнес және азаматтық қоғам айналыса алады.

Президенттің Жолдауы – көріп отырғанымыздай прагматикалық, ұтымды, шынайы құжат. Қоғамдық пікір мен сараптамалық бағалаулардың ескерілгені көрініп тұр. Онда пандемия кезінде ең көп зардап шеккен негізгі әлеуметтік топтарды мазалаған сұрақтарға жауаптар бар. Тұрақты дамуымыз үшін маңызды әлеуметтік-экономикалық блоктың ұзақ әрекет ету алгоритмі бар.

**Бағдат НАУМАҒАНБЕТОВ,**
**Жезқазған қаласы ауданаралық әділет басқармасының басшысы**

СЕССИЯ

# ӘКІМ ДЕПУТАТТАРҒА ЕСЕП БЕРДІ

***VI шақырылған қалалық мәслихатының кезектен тыс LIII сессиясына мәслихат депутаты Виктор Сотников төрағалық етіп, қала басшысы Қайрат Әбсаттаров, мәслихат хатшысы Советбек Медебаев бастаған облыстық және қалалық мәслихаттың депутаттары, әкім орынбасарлары мен мекеме, кәсіпорын басшылары қатысты.***



Күн тәртібіне шығарылған алғашқы мәселе – қала әкімінің өзіне жүктелген функциялары мен міндеттерінің орындалысы.

– Маған қала басшысы ретінде жүктеліп отырған жауапкершіліктің қаншалықты сындарлы екенін жақсы түсінемін. Сондықтан, Жезқазғанның табысты бүгіні мен болашағына елеулі үлес қосуды көздеп, алдыма өрелі мақсаттар қойып келген жайым бар. Бүгінге қаламыздың экономикалық және әлеуметтік жағдайымен, сонымен қатар, шоғырланған мәселелермен танысып, біраз ой түйіндедім, – деп мәслихат депутаттары алдындағы есебін бастаған Қайрат Бектайұлы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа арнаған жаңа Жолдауында көрініс тапқан басқару жүйесінің тиімділігі мен жаңа жағдайдағы экономиканы арттыруға, ауыл шаруашылығы, көлік-логистика кешенін, шағын және орта бизнесті, қаржы саласын дамытуға, елдің аумақтық дамуын жаңғыртуға және қазақстандықтардың әлеуметтік әл-ауқатын көтеруге бағытталған бастамаларды өміршең ету мақсатында Жезқазғанның алдағы даму тұжырымдамасы әзірленіп жатқанын жеткізді.

Мысты қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуы, тұрғын үй қорын жаңарту, жылыту маусымына дайындық, қалаішілік және облыстық, республикалық маңызы бар автокөлік жолдарының жөнделуі, әлеуметтік қамсыздандыру, кәсіпкерлік пен ауылшаруашылығын қолдауға арналған мемлекеттік бағдарламалардың орындалысы мен коронавирус инфекциясының екінші толқынына дайындық барысын арқау еткен әкім есебі депутаттар тарапынан қабылданды. Дегенмен, халық қалаулыларының қаланың коммуналдық шаруашылығына көңілі толмайтыны байқалды. Әкімнің осы салаға жауапты орынбасары Қайрат Бапановқа сұрақ жаудырып, сын айтқандардың алды – облыстық мәслихаттың депутаты Бауыржан Шыңғысов.

– Қаланың өркендеуіне қарсылығымыз жоқ. Тұрғын үйлердің құрылысы қарқын алғанына да қуанамыз. Бірақ, сіздердің жұмыстарыңыздағы ұйымдастырушылықтың жоғы қынжылтады. Қаланың батыс аумағында бой көтеріп жатқан көп қабатты тұрғын үйлердің, жаңа мектептің жылу мәселесі күні бүгінге дейін шешілмеді. Онсыз да 91,94-орамдарға жылу жетпей жатқанда бұл үйлерді желіге қоссақ, не болмақ? – деген Бауыржан Қабденұлы бюджеттен бөлінген қыруар қаржыға жөнделіп жатқан жолдардың сапасы сондай-ақ, «Жұмыспен қамтудың жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында қолға алынған 58 көп қабатты тұрғын үйдің жөндеуі, қаланың, Кеңгір жағалауының тазалығы да сын садағына ілікті. Жезқазғанның ауыз су желілерін жаңадан тартып жатқан мердігер жұмысының сапасы да бақыланбайды деген депутаттардың ескертулері мен ұсыныстары назарға алынды.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

# БАСЫМДЫҚТАР ТАЛҚЫЛАНДЫ

***Қарағанды облысы ішкі саясат басқармасының тапсырысы аясында «ZOOM» платформасында абайтанушы, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Бақытқали Мұсабеков конференция өткізді. Жезқазғандық БАҚ өкілдері, мемлекеттік мекеме мен кәсіпорын қызметкерлері, қала белсенділері мен еріктілерді қатысқан онлайн кездесуде ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауының негізгі бағыттары талқыға салынды.***

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының Жолдауы ерекше мәнге ие. Ол халық пен елдің басты өзекті мәселелеріне нақты жауап береді. Жолдау әрбір қазақстандықтың әл-ауқатына байланысты барлық негізгі салаларды қамтыды, – деген баяндамашы әр салаға міндеттерді айқындап берген 11 бағытқа жеке-жеке тоқталды. Жолдауының басында Президент елдегі мемлекеттік бағдарламалар мен шенеуніктер санына тоқталды.

Ол елдің көлемді емес, халық түсінетін ықшам мемлекеттік бағдарламаларға көшу керегін ескертті және шенеуніктер санын 25 пайызға қысқартуды тапсырды. Үнемделген қаражат арқылы қалған мемлекеттік қызметкерлердің жалақысы артатын болады. Бұл өз кезегінде олардың жұмыс сапасына оң әсерін тигізетіні сөзсіз. Халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған жаңа жағдайдағы экономиканы құру басымдығында көлік-логистика, агроөнеркәсіп кешендерін дамыту, шағын және орта бизнесті қолдау, агроөнеркәсіп кешенін, моноқалаларды дамыту мен ауыл әлеуетін толық пайдалану қажеттігін қаузаған стратегиялық құжатта азаматтардың әлеуметтік әл-ауқатына басымдық берілді.

Тұрғын үйдің қолжетімділігі, балалардың қауіпсіздігі мен құқығын қорғау бойынша нақты тапсырмалар берілген төртінші басымдықта келер жылдан бастап Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының 700 мың салымшысы өз жинағының бөлігін үй алу, емделу үшін пайдалана алатыны айтылды. Білім беру саласындағы қордаланған мәселелерді шешу, ұстаздардың жалақысын көтеру, оқулықтар сапасын арттыру, орта, орта арнаулы, жоғары білім беретін оқу орындарының жұмыс сапасын көтеру үшін мемлекеттік бюджеттен қомақты қаражат бөлу, дәрігерлердің еңбегін лайықты бағалау, медициналық инфрақұрылымды дамыту, қоршаған ортаны қорғау мен экологиялық ахуалды оңалту, халық үніне құлақ асатын мемлекет тұжырымдамасын құру, цифрландыру процесін жеделдету, ұлт болмысының жаңа қағидаттарын орнықтыру сияқты ел дамуы үшін маңызды мәселелерді қамтыған Жолдау әр қазақстандыққа зор жауапкершілік жүктейтінін алға тартқан Бақытқали Мұсабеков баяндамасын Президенттің: «Біздің елімізде «Жауапты мемлекет – жауапты қоғам – жауапты адам» жүйесі берік орнығуы керек» деген міндетімен тәмамдап, конференция қатысушыларына ой салды.

**Өз тілшіміз**

ТАҒАЙЫНДАУ

## Кеңгірбай СМАҒҰЛОВ

***қаланың коммуналдық шаруашылығына басшылық етеді***



Жезқазған қаласы әкімінің 22.09.2020 жылғы №23-ж өкімімен Жезқазған қаласы тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімінің басшысы лауазымына Кеңгірбай Қоңырұлы Смағұлов тағайындалды.

Кеңгірбай Смағұлов 1978 жылы Ұлытау ауданының Қаракеңгір селосында туған. Білімі жоғары, 2000 жылы Ө.А. Байқоңыров атындағы Жезқазған университетін экономист-менеджер мамандығы бойынша тәмамдады.

Еңбек жолын 2000 жылы Жезқазған қаласы бойынша салық комитетінің салық инспекторы болып бастаған. Әр жылдары қалалық экономика комитетінің кәсіпкерлік және тұтынушы нарығын дамыту бөлімінің бас маманы, қалалық экономика комитетінің қаржы-несиелік қатынастар, әлеуметтік сала және кәсіпкерлік бөлімінің бас маманы, қалалық экономика мен кәсіпкерлікті дамыту комитетінің бөлім басшысы, қала әкімі аппаратының талдау жұмысы бөлімінің бас маманы, қала әкімі аппаратының басшысы қызметтерін атқарған. 2009 жылдан күні бүгінге дейін «Жезқазған қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ басшылық етті.

30 ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫ ҚАЗАҚСТАН

# ҒАСЫР МЕТАЛЫН ӨНДІРУШІЛЕР

*(Соңы. Басы 1-бетте).*

Қазір сирекметалдар цехы – «Жезқазғансирекмет» РМК-ның негізгі құрылымы. Құрамында осмий, рений бар шикізат осы цехта өңделеді. Рений және осмий сияқты құпиясы мол металдардың кен құрамындағы үлесін анықтап, өндірістік игерудің жолына қою көптеген ғалымдар мен ғылыми мекемелердің талай жылғы еңбегінің жемісі. Сонау ерте кездің өзінде Т.А.Сәтбаева, С.К.Калинин, Э.Е.Файн сияқты ғалымдар кен құрамындағы минералдардың көлемі ұлғайған сайын рений мөлшерінің де өсіп отыратындығын ғылыми негізде дәлелдеген көрінеді. Ал, кен құрамында кездесетін осмий сирек металының ерекшеліктерін алғаш зерттеп, дәлелдеген ғалымдар С.Калинин мен Э.Файн екен. Осы өндірістің бастауында болған жандардың бірі, техника ғылымдарының кандидаты, «Қазақмыс» корпорациясы Ардагерлер қоғамдық бірлестігінің төрағасы Төлеген Бүкіровпен әңгімелесіп, ғасыр металын игерудің ғажайыптары төңірегінде пікірлескенімізде осы ауқымды істің шынайы қозғаушысы болып, тынымсыз ізденістерімен атсалысқан ғалымдардың есімдерін аса ризашылықпен атап айтты. Төкең әуелде сирек металдар цехын басқарса, 1996-2001 жылдары «Жезқазғансирекметалл» кәсіпорнының бас директоры болған адам. Ол өзінің ғылыми диссертациясын «Құрамында ренийі бар аммиакті-сульфатты ерітіндісінен осмий алудың технологиясын зерттеу және дайындау» тақырыбында қорғаған жергілікті жердегі білікті инженер-металлург болып табылады.

– Мен 1991 жылы мамыр айында сирек металдар цехына басшылыққа келгеннен кейін аммоний перренатынан басқа рений қышқылын алуды нақты жолға қойдық. Бұл талабымызды жүзеге асыруға техника ғылымдарының докторы, профессор З.С.Әбішева мен техника ғылымдарының кандидаты Л.Я.Агапова бастаған ғалымдар айтарлықтай көмегін көрсетті. Сирек металл өнімдерінің жаңа түрлерін өндіру жолындағы ғылыми-зерттеу шараларының одан әрі тоқтаусыз жүргізілуіне Қазақстан Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі, ғылым докторы Е.И.Пономарева, ғылым докторы Н.А. Загородняя, геология ғылыми институтының зертхана меңгерушісі, техника ғылымдарының кандидаты М.И.Мадин, Қарағанды химия-металлургия институтының профессоры, ғылым докторы Т.А.Оралов және басқа да ғалымдар жетекшілік жасап, көп еңбек сіңірді. Әлемдік рынокта бір грамының бағасы ондаған мың доллар тұратын осмий-187 изотопы 1995 жылдың мамыр айында біздің цехта дүниеге келді. Түйіндеп айтар болсақ, платина тобына жататын бұл сирек металдың еліміз үшін стратегиялық маңызы зор. Жаңа ғасыр металы атанған осмийдің негізгі қоры кенді өлке Жезқазғанның қойнауында жатуы бізге берген үлкен мүмкіндік. Оның болашағы әлі алда деп білемін, – дейді Т.Бүкіров.

Дербес шаруашылық жүргізу құқы бар кәсіпорын құрылған соң қымбат металдарды әлемдік рынокта бағалап өткізуге мемлекеттік деңгейде көңіл бөліне бастады. Әуелгі мақсатқа сай стратегиялық маңызы зор бағалы металдардың мемлекет мүддесіне қызмет етуін жолға қою жолында кәсіпорын талай «тар жол, тайғақ кешуден» өтіп келеді. Жеткен жетістіктері айтуға тұрарлықтай. Кәсіпорынның өнімі негізінен экспортқа шығарылады. Өнімдері бүгінде әлемдік рынокта кеңінен белгілі. Сыртқы байланыстары қалыптасқан кейінгі кезеңдегі мерейлі істерін атап өтсек болады. Кәсіпорын 2003 жылы Женевада өткен «Бизнестің жоғары сапасы үшін» Халықаралық форумына қатысып, қор хартиясы қол қойған «Іскерлік тәжірибесіндегі жоғары сапа үшін» алтын медалін, 2004 жылы Германиядағы шетелдік әріптестермен болған көрмеде «Жаңа технология мен автоматтандыруды енгізгені үшін» дипломын иеленді. Сондай-ақ, 2006 жылдың қарашасында Европа Бизнес-Ассамблеясының (Оксфорд, Ұлыбритания) номинациялық комитетінің «Еуропалық сапа» алтын медалімен марапатталса, 2010 жылы Еуропалық рынокты зерттеу орталығының және Өнеркәсіпшілер мен кәсіпкерлердің Халықаралық конгресінің ұсынысы бойынша «Европаның үздік кәсіпорны» марапатына лайық болды. Кәсіпорынның кейінгі жылдардағы жетістіктері де айтарлықтай. Мәселен, «Жезқазғансирекмет» РМК 2017 жылы Францияда Европа елдерінің «Сапа үшін» халықаралық жүлдесін еншілесе, 2018 жылдың қорытындысында «Қазақстанның үздік кәсіпорны» аталды және өткен жылы «Сапа жұлдызы» стеласы атаулы марапатына ие болды.

– Мұның барлығы кәсіпорын ұжымының еселі еңбегі мен жоғары кәсіби шеберлігінің арқасы, – дейді «Жезқазғансирекмет» РМК директоры Нариман Абылқанов. – Кәсіпорын жыл сайын өз жұмысын жетілдіре отырып, бәсекеге қабілетті өнім өндіруді жолға қоя білді. Жаңа технологияларды енгізуге ұдайы көңіл бөлінуде. Айталық, кейінгі уақытта негізгі шикізатты өңдеу кезіндегі алынған өнімдерден ренийді қосымша ұнтақтау технологиясы енгізілген болатын. Кәсіпорынды дамытуға бөлінген республикалық грант есебінен зертхана жабдықтап, іске қостық. Біздің өнімдерімізге химиялық сараптама жасайтын мұндай зертхана елімізде жоқ. Бүгінде қалдықтардан қосалқы шикізатты өңдеу жөніндегі технология енгізіліп, ыстыққа төзімді никель құймасы мен гептасульфид металдары өңделуде. Сонымен қоса, біз ұжымдық шартқа сәйкес еңбеккерлеріміздің және бұрында қатарымызда болған зейнеткерлеріміздің әлеуметтік жағдайына да көңіл бөлуді назардан шығармаймыз. Оның сыртында қаланың балалар мекемелеріне де көмек қолын созып отырамыз.

Иә, басшы айтса айтқандай, еліміздегі бірегей кәсіпорын ұжымы өздерінің 25 жылдық мерейтойын еңбектегі лайықты жетістіктерімен қарсы алып отыр. Мерейлі шақта үздіктер есімін атап өткен де жөн болар. Екінші дәрежелі Еңбек Даңқы медалінің иегерлері өндірістік техникалық бөлімнің бас технологы Ж. Жұмабеков, ауысым шебері К. Нәбиев болса, ал ауысым шеберлері Ж. Байбосынов, С. Мырзатов, сирек металдар өндірісіндегі аппаратшы-гидрометаллургтер С. Куржиева, О. Түсіпбеков, Ж. Жағыпаров, автомобиль жүргізушілері Е. Құрманғалиев, А. Күмісбаев үшінші дәрежелі «Еңбек Даңқы» медалін әр жылдарда омырауына таққан үздіктер болып табылады. Сондай-ақ, еңбек озаттары қатарында ауысым шебері Ж. Әбеновтің, аппаратшы-гидрометаллургтер Р. Қияқпаевтың, Ж. Бектасованың, Д. Ибраеваның, электромонтер А. Казбанның, слесарь-жөндеуші Т. Қожақпаевтың, медпункт фельдшері Н. Бородачёваның, жүргізуші М. Тоспаевтың есімдері де құрметпен аталуда.



Елміздің Тәуелсіздігімен бірге қатарға қосылып, жаңаша түлеген «Жезқазғансирекмет» республикалық мемлекеттік кәсіпорны жоғары технология мен қазіргі ғылымға негізделген, болашағы өте зор өндіріс. Оның даму бағдары да мемлекеттің стратегиялық саясатымен өзектес. Мамандардың бағалауынша, мұнда өндірілетін сирек металдардың мемлекеттің экономикалық және қорғаныс қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі маңызы ерекше. Мәселен, осмий-187 изотопы аэроғарыштық салада, зымыран жасауда қолданылады екен. Сондай-ақ, көптеген дәрілік препараттарды синтездеуде катализатор ретінде пайдаланылады. Ал, сульфидті кендерде кездесетін рений мұнай өңдеу өнеркәсібінде жоғары октанды бензин алуда кеңінен қолданыла бастаған. Ғасырдың ғажайып металы осылайша ел игілігіне айнала бермекші.

**Амандық РАХҰЛЫ**

*Суреттерде:* **Кәсіпорын директоры Н.Т. Абылқанов және ұжым мүшелері**



1 ҚАЗАН – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕГДЕ АДАМДАР КҮНІ

# ЖАҚСЫЛЫҚТАН КҮДЕР ҮЗБЕЙМІЗ

***«Қарты бардың – қазынасы бар» деп ақсақалдысы мен ақ жаулықтысын ардақ тұтып, аялаған қазақ атты жанашыр да жасампаз халықтың ұрпағы екенімді мақтан етемін. Міне, Жезқазған қалалық «Ардагерлер ұйымына» жетекшілік етіп отырғаныма биыл 5 жыл болыпты. Бүгінгі таңда біздің ұйымның құрамында есепке тұрған нақты 3400 қарт бар. 26 ардагер кеңес жұмысының шаруаларын мойнына алған. Сондай-ақ президиумға 7 қарт, комиссия құрамына 6 қарт мүше. Осы жылдар ішінде біздің ардагерлер біраз жақсы жайттарға бастамашы болып, түрлі іс-шаралардың басы-қасынан табылды.***

Биыл еліміз үшін айрықша жылдардың бірі. 2020 жылы Әбу Насыр әл-Фарабидің туғанына – 1150 жыл, Алтын Орданың құрылғанына – 750 жыл, Абай Құнанбайұлының туғанына – 175 жыл, Ұлы Жеңістің 75 жылдығы, Қазақстан Республикасы Конституциясы мен Қазақстан Халқы Ассамблеясына – 25 жыл. Осынау мерейлі күндерге орай жыл басында өте көп жоспарлар түзілді. Дегенмен, «Ауру айтып келмейді» деген рас қой. Бүкіл әлемді жайлаған коронавирус індеті тек біздің жұмысымызға емес, барлық салаға кедергісін келтіріп, залалын тигізді. Одан бұрын адам шығыны орын алды. Адамнан адамға өте тез тарап жұғатын аурудың әсерінен сақтанудың жалғыз жолы тасалану ғана болды. Егде жастағылардың індетті жұқтырып алу қаупі тіптен жоғары. Өкінішке орай, осы ауру салдарынан біраз замандастарымыздан айрылып қалдық.

Жыл басында ауру ошағы дендемей тұрған кездерде қариялармен ара-тұра кездесіп тұратынбыз. Кейіннен Наурыз мерекесі мен 9 мамыр мерекелерінде кеңес мүшелері 4-5 адамнан бөлініп ардагерлерге сый-сияпаттарын табыстап, мерекелермен құттықтады. Жеңіс күні қарсаңында қаламыздағы Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагерлерді құттықтап шықтық. Бұл жолы өзге шаралардан ерекшелендіріп, қарияларға райхан гүлін сыйладық. Оның себебі соғыс кезінде райхан гүлін сыйлайды екен. Жастық шақтары еске түскен қариялар көздеріне жас алды.

Жақында он қарияның басын қосып, Ұлытауға кішігірім саяхат жасадық. Біз бұл кездесуімізді Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығына арнадық.

25 қыркүйек күні қаламызда қалған төрт соғыс ардагерінің бірі Александр Гусак 98 жасқа толады. Азын-аулақ ақшалай сыйлығымыз бен құшақ гүлімізді алып қарияны құттықтамақ ниетіміз бар. Мен республикалық ардагерлер кеңесіне мүшемін. Жақында «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық филиалының ұйытқы болуымен «Отан үшін от кешкендер» тақырыбында энциклопедия кітап жарық көрді. Оған біздің қаламыздағы Ұлы Отан соғысы құрбандарын еске алуға арналған «Даңқ» мемориалы мен «Азат етуші жауынгер» ескерткішінің суреті мен соғыс ардагерлері – Иван Артеменко мен Нина Виноградованың және Александр Гусак пен Алексей Миненконың өмірбаяндары енді. Бұл кітаптың 5-6 данасы біздің қолымызға да тиіп отыр.

Біздің қоғамдық бірлестік Жезқазған қаласы ішкі саясат бөлімімен бірлесе жұмыстар атқарады. Алдағы уақыттарға жоспарлаған жұмыстарымыз мол. Бүгінгі тілеріміз – індет ауыздықталып, қалыпты өмірімізге қайта оралсақ екен. Қарттар күні құтты болсын. Қариялар аман, жастарымыз жігерлі болғай!

**Айып БАЙҚАСЫНОВ,**
**«Құрмет белгісі» төсбелгісінің иегері,**
**Жезқазған қаласының Құрметті азаматы,**
**қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы**

# ЖЕТІСТІК ТАРИХЫ




*(Соңы. Басы 1-бетте).*

2010 жылы Тараз қаласында өткен XVIII Республикалық театрлар фестивалінде қойылған С.Жүнісовтің «Жаралы гүлдер» спектакліндегі Бақыт рөлі үшін жас актер К.Әбілдин «Ең үздік ер рөлі» номинациясын жеңіп алды.

Осы уақыт ішінде біздің театр Қазақстанның барлық облыстарында, ірі-ірі қалаларында, ауылдық жерлерде гастрольдік сапарларда болды, 5 мыңға жуық спектакль қойды. Театр репертуарында әлем классикасы, қазақ әдебиеті классикасы мен қазіргі заман әдебиетінің озық үлгілері негізінде қойылған спектакльдер бар.

49 жылдық тарихы бар С.Қожамқұлов театры жартығасырлық шығармашылықта табысты еңбек етті. Басты мақсат көрерменімізге рухани-эстетикалық құндылықтарды насихаттай отыра, еліміздің театр өнерін биікке көтеру.

Әлемді жаулаған COVID-19 пандемиясы әлемдік экономика, өмір сүру моделіне ауқымды өзгеріс енгізді. Мәдениет саласы – ең үлкен зардап шеккен сала болып танылып, біраз ел басшыларының ерекше бақылауына алынды.

Театрда көрерменмен кездесу мүмкіндігінен айрылсақ да, С.Қожамқұлов театры өз көрермендерімен байланысын үзген жоқ. 2020 жылға жоспарланған жаңа қойылымдар бүгінде дайын. Қуыршақ труппасы дайындаған «Снежный цветок», «Балапан қаз» қойылымдары өзінің жас көрерменін асыға күтуде. «Колючая шубка» қойылымы да жақын арада балаларымызды қуантады деп сенеміз. Театрымыздың драма труппасы Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 75 жылдығына орай С.Жүнісовтің «Жаралы гүлдер» қойылымы мен И.Ғайыптың «Мен ішпеген у бар ма?» қойылымдары өз көрерменімен сахна арқылы тілдеседі.

Абайдың 175 жылдығына орай Ұлттық арналар мен киностудиялар Ұлы ақын туралы деректі, көркем фильмдер таспалауда. Театрымыздың әртістері Д.Жанботаев, Ә.Шоманұлы, А.Жарқынбеков үлкен жобаларда жарқын бейнелерді сомдауда. Біздің С.Қожамқұлов театры үшін бұл үлкен мәртебе, әрі жауапкершілік деп білеміз. Қазақ кино индустриясында Қожамқұлов театрының әртістері белсенді өнер көрсетуде. Соңғы бес жылда Қазақстанның халық әртісі, театрымыздың іргетасын қалаушысы Досжан Әбдірәлімұлының киноиндустрияда жарық бейнелерін сомдап, телекөрермендердің көзайымына айналды. Оның ішінде «Әулет», «Жаңғырық», «Алпыстан асып барамын», «Ва-Банк», «Қаламгер», «Жалғызсыраған тағдыр», «Жақсылық» кинотуындылары Досжан Жанботаевтың актерлік шеберлігінің биік екенін көрсетті.

Қожамқұлов театрының әртістері дәстүрлі түрде қоғамдық ұйымдардың марапаттары мен мемлекеттік наградаларға ие болады. Еліміздің қоғамдық жұмысына белсене араласқан театр ұжымы әлеуметтік қоғамның мүшесі екенін айқын көрсетті.

Пандемия театр ұжымына жаңа форматта жұмыс істеуді үйретті. Біз оны пандемияның берген жақсы мүмкіндігі деп білеміз. Онлайн жұмыс үшін оның техникалық және шығармашылық жаңа қырын үйрену – театрдың даму жолындағы жаңа белес.

Карантин кезінде көрермендерімізге Абай 175 жылдығына арналған бейне цикл мен әлеуметтік тақырыптарға, отандық авторлардың еңбектерін көрсеттік. Көрермендерімізден келген алғыстар мен лебіздер біздің осы бағыттағы жұмысымыздың алғашқы нәтижелерін берді. Осы бағыттағы жұмысымызды жалғастырып, көрерменімізге сапалы, қызықты бейнеконтент ұсынатын боламыз.





2021 жыл – қазақ елі үшін ерекше жыл. 16 желтоқсанда қазақ даласы Тәуелсіздіктің 30 жылдығын қарсы алмақ. С.Қожамқұлов театры үшін де ол жыл мерейлі болмақ. Біз егемен тойымен қатар ҚазССР Халық әртісі, Еңбек Ері, кәсіби қазақ театрының негізін қалаушы С.Қожамқұловтың 125 жылдығын және 50-ші театр маусымын атап өтпекшіміз. Осыған орай, театр ұжымы өзінің дайындық жұмыстарын бастап кетті. Аталмыш шараларды өткізу аясында дәстүрлі Ж.Хаджиев атындағы Халықаралық театр фестивалі барысында С.Қожамқұловтың өмірі мен өнерінен сыр шертетін эксклюзивті көрме және Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, көрнекті режиссер Ж.Хаджиевтің арнайы бұрышын ұсыну жоспарда тұр. Сондай-ақ, келер жылы театр өз көрерменін жаңа қойылымдармен қуантады. Қазіргі таңда елімізге танымал авторлар мен режиссерлерге ұсыныс білдіріп, шығармашылық байланыс орнатудамыз.

Біздің мақсатымыз – тек қойылым көрсететін театр функциясымен шектеліп қана қалмай, Жезқазғандағы талантты дарабоздар шыңдалатын, жүйріктерімізді бәйгеге қосатын, жастар саясатын қолдайтын ерекше магнит іспеттес алаңға айналу. Осы мақсатта атқарылатын жұмыстар орасан. Ол үшін театр ұжымы өзінің бар күш-жігерін жұмсап, өнер үшін жанын пида етуге әзір.

Көрермендерімізді қызықты, өзекті шығармалармен тамсандыратын, сахна арқылы тілдесетін заман жақын. Ең бастысы – еліміздің амандығы.

**Досхан СӘКЕН,**
**С.Қожамқұлов атындағы қазақ музыкалық-драма театрының директоры**

PRIMARIES 2020 NUR OTAN ПАРТИЯСЫ ІШІНДЕГІ САЙЛАУ

***Партияішілік іріктеуге қатысуға бекінген 42 жезқазғандық үміткер 15 қыркүйектен бастап дебат алаңында кездесе бастады. «Қала проблемаларын шешудің нақты жолдары мен мүмкіндіктері» тақырыбында өрбитін пікір-сайысқа қатысушы 11 топ жеребе бойынша анықталды.***

# ҮМІТКЕРЛЕР – ДЕБАТ АЛАҢЫНДА



– Барлық кандидаттар жария дебаттарға қатысуға міндетті. Үміткерлер бірінші кезеңде сайлауалды бағдарламасын таныстырып, қаланың өзекті мәселелерін ашық айтып, оны шешудің нақты жолдарын ұсынуы тиіс. Екінші кезеңде «сұрақ-жауап» форматында пікірсайыс сессиясы өтеді. Пікірсайыстың жалпы ұзақтығы 90 минуттан аспайды. Дебат әлеуметтік желілерде тікелей эфирде көрсетілгендіктен, желі қолданушылары да сұрақ қою құқығына ие, – деді қалалық партия филиалының кеңесшісі Диана Әбеуова.

«Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалы ғимаратында ұйымдастырылған дебатты алғашқы қатысушылар кәсіби медиатор Жұлдыз Есмурзина, балқыту цехының шебері Нүркен Ғабдулуахитов, жеке кәсіпкер Ерлан Кенжебеков пен Қайрат Мейрамұлы ашты.

Үшінші топтың құрамындағы «Tranko Zhezkazgan» ЖШС кәсіподағының төрағасы Елдос Әбікенов, Жезқазған политехникалық колледжінің директоры Бота Аман мен «Сарыарқа газеті редакциясы» ЖШС директоры Дархан Мұхан, «Power Expo» ЖК директоры Ұлан Ұмытханов кездескен дебатты қала әкімі Қайрат Әбсаттаров тамашалады. Үміткерлер пікір-сайыс барысында билік пен халық арасындағы байланысты нығайту, жолдардың жөнделу сапасы, кәсіпкерлікті, оның ішінде ауылшаруашылығын дамыту, сыбайлас жемқорлықпен күресу, жастарды қолдау, жұмысшы мамандығының мәртебесін көтеру, білім мен тәрбие беру, денсаулық сақтау салаларын жақсарту сияқты өзекті мәселелерді талқылады.

Сұрақ-жауап кезеңінде залдан онға тарта сұрақ түсті. Оның екеуін қала басшысы жолдады. Қайрат Бектайұлын үміткерлер депутат болып сайланған жағдайда Жезқазғанның экономикасын әртараптандырып, экологиялық ахуалын жақсарту жолында қандай қадамдар жасайтыны қызықтырды.

Жасыл желек отырғызу, қоршаған ортаны қоқыстан тазарту жұмыстарын күшейтуге атсалысатындарын жеткізген үміткерлер қала экономикасын өркендету, ауыл шаруашылығына басымдық беру керектігіне назар аудартты.

Бүгінге дейін сегіз топтағы үміткерлер пікір таластырып үлгерді. Пікір талас додасы 29 қыркүйекте аяқталады.

Партия мүшелері 1 қазаннан бастап 3 қазанға дейін мобильдік қосымша немесе веб-портал арқылы үміткерлерге онлай дауыс бере алады. Ал интернетпен толық қамтылмаған елді-мекендерде дәстүрлі әдіс бойынша, яғни қағаз бюллетень арқылы дауыс беріледі. Дауыс беру 3 қазанда сағат 14:00-де тоқтатылады.

**Өз тілшіміз**

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: сенімге – серпін!

***Біз, Жезқазған гуманитарлық колледжінің ұжымы, Президент Жолдауын зор ықыласпен қабылдап, мұқият зерделедік. Қасым-Жомарт Кемелұлы өз Жолдауында халықтың санасында жүрген барлық мәселелердің шешімін көрсете білді деген ой түйіндедік. Онда Президент әсіресе, білім саласына ерекше назар аударып отыр. Өйткені, білім саласын жақсарту – қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі.***

# БІЛІМ САЛАСЫНА СЕРПІН БЕРДІ

«Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауда айтылған мәселелердің ішінен өзіміздің саламызға тікелей қатысты деген тұстарын белгілеп, бағытқа алдық. Мәселен, теңгерімді аумақтық даму бөлімінде Президенттің «Ауылдың әлеуетін толық пайдалану – стратегиялық маңызы бар мәселе. Ауылдағы мейлінше өзекті мәселелерді шешуге арналған «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасын жүзеге асыру жалғасатын болады» деген сөзіне орай, біздің түлектеріміздің келешекте де ауылды түлетуге атсалысатынына кәміл сенеміз.

Президент өз Жолдауында күнделікті мәселелерді шешумен қатар, балалардың бәріне бірдей мүмкіндік туғызу үшін жүйелі шаралар қабылдау қажет екенін, балаларымыз қай жерде тұрса да, қандай тілде оқыса да сапалы білім алуы керек екендігіне тоқталған болатын. Осы тарапта да колледжіміз өзіндік үлесі бар екенін айта кеткеніміз жөн деп ойлаймын. Шалғай елді-мекеннен келген білім алушыларымыз жайлы да жылы жатақханамен қамтамасыз етілген.

Сонымен қатар, Жолдауда кәсіпкерлердің жаңа буынын қалыптастыруға басымдық берілетіні айтылды. Осыған орай, өткен оқу жылынан бастап колледжімізде «Кәсіпкерлік негіздері» курсы өткізіліп келеді. Пәнді арнайы курстан өткен оқытушыларымыз жүргізеді. Осы сөзім арқылы, Жолдауда көтерілген осы мәселенің дер уақытында қолға алынып, жүзеге асып жатқанын жеткізгім келеді.

Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев, коронавирус індетінің салдарынан дүниежүзіндегі мектеп оқушылары мен студенттердің басым көпшілігі қашықтан оқуға көшкенін, бұл жұмыстың тәсілі мен мазмұнын түбегейлі өзгерткенін атап көрсеткен болатын. Осыған орай, өз тарапымыздан қосарым, заман ағымына ілескен әріптестеріміз, цифрлық саладағы жаңалықтарды тез қабылдап, өз істеріне ендіруде. Қиындықтар да жоқ емес, бірақ ортақ мақсатқа жұмылған ұжым бұл қиындықтарды жеңіп келеді.

Әрине, Жолдауда айтылғандай, сапалы білім алу үшін білім беру мен тәрбие қанаттаса жүретін әдеттегідей сабаққа қатысудың, оқытушылармен және құрбы-құрдастарымен араласып, білім алудың орны бөлек. Президентіміз санитарлық талаптарды сақтай отырып, білім алудың қалыптасқан дәстүрлі тәсіліне қайта көшудің тәртібін әзірлеуді тапсырған болатын. Біз, өз тарапымыздан, осы шараға белсене кірісіп, барлық талаптарды сақтай отырып, өз білім алушыларымызды қарсы алуға әзірміз. Ол күн де алыс емес деген үміттеміз.

Жолдауда көрсетілген ұстаздардың жалақыларының өсуі барша қазақстандық оқу-ағарту саласының қызметкерлеріне қуаныш сезімін сыйлады деуге болады.

Президент тарапынан 2021 жылдың қаңтар айынан бастап мұғалімдердің еңбекақысын 25 пайызға көбейту жөнінде шешім қабылданды. Бұл тек материалдық жағынан ғана емес, ұстаздар қауымын моральдық жағынан да қолдау дер едім.

Бүгінде ынтымақ-бірлігі жарасқан ұжымымызда Жолдау жүктеген міндеттердің күнделікті өмірінде көрініс тауып, ауқымды істер атқарылуда. Келешекте де биіктер белесінен көрінуге еңбек ететін боламыз. Осынау ұлы жолдағы сапарымыз сәтті, болашағымыз жарқын болсын дегім келеді.

**Айгүл ИСАХОВА,**
**Жезқазған гуманитарлық колледжінің директоры**

# СОТ ТӨРЕЛІГІ – ӘДІЛДІК КҮЗЕТІНДЕ

***«Әділ және сатылмайтын сот-демократиялық және құқықтық мемлекеттің маңызды негізі. Қазіргі Қазақстанның басты жетістіктерінің бірі – соттар мен судьялардың формальды-заңды ғана емес, нақты тәуелсіздікке қол жеткізуі»***

**Н. Ә. НАЗАРБАЕВ**



***Еліміз Тәуелсіздік алып, егемендікке қол жеткізген 1991 жылдан кейін Қазақстан халқының құқықтары мен бостандықтарын қорғайтын тәуелсіз сот жүйесі құрылды. Егемендік алғаннан кейін елдегі демократиялық процестердің дамуы заңдылық пен сот төрелігінің, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың сенімді кепілі болуға қабілетті сот жүйесін нығайтумен тығыз байланысты болды. Осы негізгі постулатты түсіну сот реформасының стратегиясын анықтауда бастапқы нүктеге айналды.***

Сот төрелігі саласындағы қайта құрулардың басталуы 1991 жылғы 16 желтоқсанда «Мемлекеттік тәуелсіздік туралы» Конституциялық заңның қабылдануымен байланысты, ол Қазақстан Республикасында мемлекеттік билікті оны заң шығарушы, атқарушы және сот билігіне бөлу қағидаты негізінде жүзеге асыруды жария етті. Бұл принциптер 1993 жылғы Конституцияда бекітілді, ол сот билігін ұйымдастырудың негізгі жолдарын бекітті. Сот саласы үшін бұл кезеңде 1992 жылы қабылданған «Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы», «Қазақстан Республикасындағы Конституциялық сот төрелігі ісі туралы», «Қазақстан Республикасының сот туралы» және басқа да заңдардың маңызы зор болды.

1993 жылғы қаңтарда қабылданған жаңа Конституция Қазақстанды демократиялық, зайырлы және біртұтас мемлекет, ал адамды, оның өмірін, бостандығы мен ажырағысыз құқықтарын – мемлекеттің ең жоғары құндылығы деп жариялады. Билікті бөлу қағидаты конституциялық деңгейде бекітілді және сот билігі өзінің мақсаты ретінде құқықтар мен бостандықтарды қорғауға, Конституцияның үстемдігін, заңдылық пен әділдікті қамтамасыз етуге ие, ол Қазақстанның Конституциясы, заңдары мен өзге де актілері, халықаралық шарттық және өзге де міндеттемелері негізінде туындайтын барлық істер мен дауларға қолданылады деп жарияланды. Алғаш рет Конституция судьялардың тәуелсіздігін және олардың тек Конституция мен заңдарға бағынуын қамтамасыз етті.

1994 жылғы 12 ақпанда Президенттің қаулысымен Құқықтық реформаның алғашқы мемлекеттік бағдарламасы бекітілді. Бұл мемлекеттің құқықтық, оның ішінде сот жүйесін реформалаудың жаңа кезеңі болды, ол әлемдік тәжірибе сынақтан өткізген тәжірибені ескере отырып, демократия, нарықтық экономика, гуманизм және әлеуметтік әділеттілік қағидаттары негізінде Қазақстанның сапалы жаңа, шынайы құқықтық жүйесін құру мақсатын көздеді. Алайда, республикада құқықтық реформаның мемлекеттік бағдарламасының көптеген ережелері конституциялық реформа жүргізуді талап етті деген түсінік болды. Нәтижесінде 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда мемлекеттік бағдарламаның неғұрлым қағидатты ережелерін, оның ішінде республикада сот билігін ұйымдастыруға қатысты ережелерді бекіткен жаңа Конституцияның қабылдануы болды.

1995 жылғы Конституция сот билігін мемлекеттік биліктің дербес тармағы ретінде жүзеге асырудың негіздерін регламенттеді; азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауды, Конституция мен заңдардың орындалуын қамтамасыз етуді; судьялардың құқықтық мәртебесін; сот органдарының жүйесін; сот төрелігі қағидаттарын; соттарды қаржылық қамтамасыз етуді және басқа да маңызды ережелерді тағайындаумен тағы да растады. Сот билігін ұйымдастыру мәселелерін айқындайтын тағы бір маңызды құжат Президенттің 1995 жылғы 20 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заң күші бар Жарлығы болды. Ол сот билігі және оны жүзеге асырудың кепілдіктері туралы конституциялық ережелерді бекітті.

Сот жүйесін реформалаудың алғышарттары сот төрелігін демократияландыруды кеңейту талаптары болды. Алқабилерді қылмыстық процеске енгізген «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 1998 жылғы 7 қазандағы Конституциялық заң осы бағыттағы маңызды қадам болды. «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2007 жылғы 21 мамырдағы заң да тағдырлы болды, онда тек соттың тұтқындауға және қамауда ұстауға санкция беруі енгізілді. Басқа да түзетулер енгізілді.

Соңғы он жылда материалдық және іс жүргізу заңдары жаңартылды, оның ішінде 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап жаңа Қылмыстық, Қылмыстық процестік кодекстері және әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекс, 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап жаңа редакциядағы Азаматтық процестік кодексі күшіне енді. Осы уақыт ішінде мамандандырылған экономикалық және әкімшілік соттар (2002 ж.), кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі соттар (2007 ж. бастап), аса ауыр қылмыстар туралы істер сотталатын әскери және қылмыстық соттар (2010 ж.) құрылды.

Ұлт жоспарын іске асыру үшін азаматтардың сот төрелігіне қолжетімділігін жеңілдету үшін үш деңгейлі сот инстанцияларының саны оңтайландырылды, елордада және Жоғарғы Сотта инвестициялық дауларды қарау бойынша мамандандырылған құрам құрылды. Жоғарғы Сот жанынан Сот төрелігі Академиясы өз қызметін бастады, ол жұмыс істеп жүрген судьялардың біліктілігін тұрақты негізде арттыруды қамтамасыз етеді, барлық сот процестерін міндетті түрде аудио-бейне-тіркеу енгізілді.

Судья кадрларын жақсарту, судьялардың тәуелсіздігін күшейту, сот қызметінің сапасын арттыру бойынша қойылған міндеттерге сүйене отырып, екі жарым жыл бұрын «Сот төрелігінің 7 тастары» атты ірі пилоттық жобаларды іске асыру басталды. Оған «Мінсіз судья», «Үлгілі сот», «Әділ процесс», «Сапалы нәтиже», «Smart-сот», «Коммуникациялық стратегия» және «сотқа дейін, сотта татуласу» кіреді.

Азаматтық процесте тараптардың татуласуы үшін қосымша жағдайлар жасалады. Соттар сондай-ақ бірқатар артық сот рәсімдерінен арылады, бұл істерді неғұрлым жедел және тиімді шешуге мүмкіндік береді. Электрондық сот төрелігі бөлігінде, сот ісін жүргізуді оңайлатуға және процеске тартылған барлық адамдардың мүдделеріне бағытталған басқа да жаңалықтар енгізілуде.

Әкімшілік Әділет «мемлекеттік органның кінәлілік презумпциясы» қағидаты бойынша азаматтардың мемлекеттік органдармен дауларын қараудың жаңа ережелерін белгілейді. Жауапкер жаңа ережелер бойынша өз шешімінің заңдылығы мен негізділігін дәлелдейді. Адамдарға немесе ұйымдарға оның шешімімен келіспеу туралы өтініш беру жеткілікті болады. Бұл олардың құқықтарын қорғауды жеңілдетеді. Сонымен қатар, сот талап қою талаптарын тұжырымдаумен байланысты болмайды. Талап қоюшы талап қою талаптарын тұжырымдауда және өзгертуде, формальды қателерді жоюда және т.б. соттың жәрдеміне сенім артуға құқылы, сондай-ақ судья өз шешімінің орындалуын бақылайтын болады. Сот шешімін орындауға мәжбүрлеу шарасы ретінде ақшалай өндіріп алу көзделеді.

Алдағы кезеңде «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» бағдарламасын іске асыру мақсатында Жоғарғы Сот соттар жұмысының бес негізгі басымдықтарын айқындады:

1) сот төрелігін сапалы жүзеге асыруды қамтамасыз ету;

2) қызыл таспа мен бюрократизмді жою;

3) халыққа және мемлекетке қызмет ету;

4) сот төрелігінің ашықтығы мен қолжетімділігі;

5) сот жүйесіндегі сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтарға қарсы күрес.

Белгіленген міндеттерді іске асыру сот жүйесінің сот төрелігін іске асырудың тиімділігін арттыру және азаматтардың соттарға деген сенімін нығайту жөніндегі қызметін одан әрі жетілдіруге бағытталған.

***Жанар БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ,***
***Жезқазған қалалық сотының судьясы***

# КЕЛЕШЕКТІҢ ҚАМЫ ҮШІН

***Тек білім беру қызметкерлері үшін ғана емес, тұтастай ел азаматтары үшін ерекше күн 1 қыркүйек – Білім күні жарияланған Мемлекет басшысы Қ. К. Тоқаевтың қазақстандықтарға арнаған Жолдауында еліміздің қазіргі ахуалына талдау жасалып, алдағы уақытта атқарылатын міндеттер аталып, нақты қай салада жоспарлы жұмысты нығайту керектігі айқындалды.***



Олар – тиімді мемлекеттік басқару, мемлекеттік жоспарлау жүйесі, еліміздің жаңа экономикалық бағдары негізделген басты жеті қағидаты, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы мен көлік-логистика кешенін дамыту, денсаулық сақтау саласын дамыту, қоршаған ортаны қорғау және экологиялық даму, цифрландыру, азаматтардың мемлекетті басқару ісіне қатысуы, қолжетімді әрі сапалы білім, азаматтардың жаңа ментальдігін қалыптастыру, ұлттың жаңа болмысын қалыптастыру.

Білім саласының қызметкері ретінде Жолдаудың «Қолжетімді әрі сапалы білім» бағытында айтылған мұғалімдер еңбекақысын 2021 жылдың қаңтар айынан бастап 25 пайызға көбейту жөнінде қабылдаған шешімін, 2025 жылға қарай 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен 100 пайыз қамтамасыз етуді міндеттейтін тапсырмасын, ата-аналардың кез келген балабақшаны немесе мектепті таңдап, мемлекет берген ваучермен төлем жасай алуын, барлық балаларға деген тең қарым-қатынасты қолдауын; мемлекеттің қарапайым мектептерге қолдау көрсетуін, қала мен ауыл арасындағы білім беру саласындағы алшақтықты қысқарту туралы тапсырмаларын ерекше атап айтуға болады.

Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаны жүзеге асырудағы нақты қадамдардың бірі «Менің елім» жалпыұлттық жобасы. 2025 жылға дейінгі дене шынықтыру мен спортты дамытумен қатар, мәдениет саясатының, оның ішінде әдебиет, театр, музыка, хореография, орындаушылық және цирк өнері саласын дамыту көзделеді.

Балалар мен жасөспірімдерді спортқа, шығармашылыққа тәрбиелеу, олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, азаматтық ментальдігін қалыптастыруда сапалы біліммен қатар, икемді дағды, ақылға сыйымды әрекеттің де рөлі ерекше. Сондықтан өскелең ұрпақтың спорттық және шығармашылық әлеуетіне, бұқаралық спортқа, дене тәрбиесіне аса назар аудару қажеттігіне де тоқталды. Таңдау жасауда балаларға басымдық беру керектігі де айтылды. Балалардың күш-жігері мен қызығушылығын дұрыс арнаға бағыттау аса маңыздылығына назар аудара отырып, әр облыста, ірі аудан орталықтарында спорт үйірмелерін ашу, «Балалар үйірмесі» қызметін қайта қалпына келтіру, қолөнердің және шығармашылықтың бастапқы негіздерімен танысатын қолайлы жағдай жасауға тапсырма берді.

«Ұлт жоспары» және «Бес институттық реформаны» негізгі бағдар еткен «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдаудың ел дамуына қосатын үлесін арттыру алдағы уақытта азаматтар жауапкершілігінде.

**Үмітжан ЖАСЫНБЕКОВА,**
**№ 13 ЖОББ мектеп директоры**

# АУЫЛДЫ ҚОЛДАУ – БОЛАШАҚТЫ ОЙЛАУ

***«Ауылдық елді-мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызметі: қатысушыларды қандай артықшылықтар күтеді?***

«Ауылдық елді-мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызметі елімізде 10 жылдан астам уақыттан бері жүзеге асырылып келеді. Ол ауылдық жерлерде жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы білікті мамандарды ынталандыру мақсатында әзірленді.

Жобаның тиімділігін арттыру мақсатында заңнамалық және нормативтік актілерге бірқатар өзгертулер енгізілді.

Қатысушыларға тұрғын үй сатып алуға бюджеттік кредит және көтерме жәрдемақы түрінде мемлекеттік қолдау көрсетіледі. Кредит мөлшері жыл сайын артып келеді. Бүгінгі күні ол 4 млн.167 мың теңгені (1500 АЕК) құрады, несиелеу мерзімі 15 жыл, несиелеу мөлшерлемесі барлығы 0,01% құрайды, маманның жұмыс өтеу мерзімі 5 жылдан 3 жылға қысқартылған. Көтерме жәрдемақы мөлшері 70 АЕК –тен 100 АЕК-ке дейін ұлғайтылды (277 мың 800 теңге).

Мемлекеттік қызмет электрондық форматқа «Электрондық үкімет», сондай-ақ «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы арқылы аударылып келеді. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі мен құжаттар саны қысқарды.

Жоба қатысушына әлеуметтік қолдау шараларын алу кезінде қойылатын негізгі талап ауылдық елді-мекенінде орналасқан денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт, агроөнеркәсіптік кешен ұйымында кемінде үш жыл жұмысты өтеуге міндеттемелер қабылдау болып табылады.

Ағымдағы жылы Кеңгір селосында жұмыс істейтін білім беру саласының 2 маманына 555 мың 600 теңге көтерме жәрдемақы, Кеңгір және Талап селосының білім беру саласының 2 маманына 7 млн.787 мың 737 теңге сомасына бюджеттік кредит ұсынылды.

«Ауылдық елді-мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызмет бойынша туындаған барлық сұрақтар бойынша Электронды үкімет **egov.kz**, бірыңғай байланыс орталығы **1414** және **8-800-080-7777** телефоны арқылы (қоңырау шалу тегін) немесе **100602** индексі бойынша **Жезқазған қ., Алаш алаңы,1, 413 кабинет, 73-38-04** телефоны бойынша «Жезқазған қаласының экономика және қаржы бөлімі» ММ-не хабарласуға болады.

Барынша толық ақпаратты Қазақстан Республикасының электронды үкімет порталы немесе «Жезқазған қаласының экономика және қаржы бөлімі» ММ-нің веб-сайтынан алуға болады.

**«Жезқазған қаласының экономика және қаржы бөлімі» ММ**

ЖЕМҚОРЛЫҚ – ІНДЕТ, ЖОЮ – МІНДЕТ!

# ТАБАНДЫ ҚАРСЫЛЫҚ КЕРЕК



***Мемлекеттік Тәуелсіздікке қол жеткізген күннен бастап, Елбасының саяси ерік-жігерінің арқасында Қазақстан сыбайлас жемқорлыққа қарсы ымырасыз күрес саясатын дәйекті және мақсатты түрде іске асырып келеді.***

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі ретінде айқындалған. Бұл ел азаматтары үшін де негізгі басымдық саналады. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік құбылыс ретінде теріс әсер етеді, сонымен қатар, мемлекеттің нарықтық экономикасының дамуына қауіп төндіреді, біздің мемлекетіміздің және Қазақстан Республикасының азаматтарының экономикалық және ұлттық қауіпсіздігіне үлкен зиян келтіреді, осындай көріністерге қарсы іс-қимыл жасауға міндетті. Осыған байланысты, мемлекет сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске ерекше назар аударады, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және жол бермеу бойынша шаралар қабылданады.

Сонымен бірге, егер қоғамның өзі, әрбір азамат сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұруда табандылық танытпаса, ал мемлекеттік басқару құзыретті және тиімді болмаса, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес нәтижелі болмайды.

Өз кезегінде, бұл мәселені шешу үшін екіжақты қатысу, яғни азаматтар мен мемлекет қажет екенін ескере отырып, лауазымды тұлғалардың пара алу қылмыстық іс екенін түсінуі өте маңызды. Азаматтардың едәуір бөлігі мұндай әрекеттерді қылмыс, яғни сыбайлас жемқорлық деп санамайды, осылайша оны ынталандырады.

Қорытындылай келе, біздің қоғамда сыбайлас жемқорлықтың көрінісі орын алмауы керек және бұл құбылысты жоюға азаматтық қоғамның барлық институттарының күш-жігерін біріктіру арқылы ғана қол жеткізуге болады.

**Жезқазған қалалық сотының баспасөз қызметі**

# «ЗАЙЫРЛЫ» ТЕРМИНІНІҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ

***Батыс өркениетінің интеллектуалды және саяси дамуы аясында пайда болған зайырлылық термині, әлемдегі соңғы бір жарым ғасырдан бері философиялық қатынастарды түсіну тұрғысынан маңызды орынға ие болды.***



Әсіресе, ағартушылық идеясы тұрғысынан Француз революциясы мен зайырлы моральдық түсінікке ие республика тұжырымдамасы арасындағы байланыстың тұжырымдамалық және этикалық өлшемдерімен негіздеуді қажет еттіреді. Сонымен қатар, қазіргі саяси және әлеуметтік динамизмде өздерін үлкен көлемде сезінетін діни қатынастарды ескере отырып, дін мен мемлекет арасындағы байланысты реттейтін зайырлылық қағидасының философиялық негіздерін дұрыс түсіну қажеттілігі туындайды.

Зайырлы (laïcisme) термині Англияда алғаш рет XVI ғасырда қолданылды. Шіркеулерді пасторлар да басқара алады деген идеялардың тенденциясын білдіру үшін қолданылған. Этимологиясы «Пасторлар діндарлардан емес, халықтан болады» деген мағынадағы гректің «laikos» сөзінен шыққан. Laikos – латын тіліне «laïque» кірме сөз болып, қазақ тіліне «зайырлы» деп аудармасы енгізілген.

Зайырлы сөзінің түп мағынасы «Пасторлар шіркеу қызметкерлерінен емес, әрі дін саласының адамы емес» деген ұғымда қолданылған. Сонымен қатар, бұл сөз Францияда 1870 жылдан бастап қолданыла бастаған.

Ал, «Литтре» сөздігінің қосымшасына 1873 жылы енгізілсе, «Лорис» сөздігіне 1877 жылы енгізілгені байқалады. Екі сөздікте де бір мағынада қолданылғанын айтып өткен жөн. Эмиль Литтре зайырлылық ұғымын саяси контексте талқылай келе, дінге қатысты бұл тұжырымдаманы «мемлекеттің абсолютті бейтараптылығы» тұрғысынан қарастырады.

Шын мәнінде, алғашқы мағынада қолданылғанындай батыстық түсініктің негізгі тәсілдерінің бірі ретінде бұл қазіргі кездегі мемлекеттің саяси болмысында белгілі бір діни наным-сенімнің болмауы, оның барлық діндер мен секталарға бейтарап қатынасы, ар-ождан мен сенім бостандығын құрметтеу деп түсініледі.

Сонымен қатар, зайырлылық тұжырымдамасы діни негізде және теологияның жетекшілігімен білім бермеу принципі ретінде дін мен білімді де екі бөліп қарастырады.

Мемлекет пен дін қатынастарын сараптаған кезде, екі негізгі категория бойынша қарастыруға болатыны байқалады. Біріншісінде, дін мен мемлекет арасында ажырамас байланыстың бар екенін негізге аламыз. Сол себептен де мемлекет белгілі бір діннің немесе мәзһабтың ұстанымдарына қарай басқарылады. Бұндай мемлекет «Теократия» деп аталады. Бұндай мемлекеттер жергілікті халықтың ұстанатын дінін немесе мәзһабын қолдайды, діни өмірді бақылайды әрі басқарады.

Ал екінші категорияда болса, дін мен мемлекет толық мағынада бір-бірінен ажыраған. Дін мемлекеттің басқару, саяси және басқа да ісіне араласпайды, мемлекет діннің сеніміне, ұстанымына, ғибадатына және басқа да дінге қатысты істерге араласпайды. Бұндай мемлекетті «зайырлы мемлекет» дейміз.

Бұл категориялардан басқа да негіздерге сүйенер болсақ, «зайырлылық» – дін мен мемлекет істерін абсолютті бөлу. Әрине, бұл екі тарапқа да қатысты. Басқаша айтқанда, мемлекет кез келген діннен немесе шіркеуден тәуелсіз болып қалады, ал дін немесе діндер мемлекеттік деңгейде еркін болады.

Мінсіз болған бұл анықтаманың іс жүзінде толықтай жүзеге асуы екіталай. Себебі мемлекет те, дін мен діндердің өз саласына араласуына жол бермеу үшін шаралар қабылдап, кейбір шектеулер мен ережелер шығара алады және діни салада қоғамдағы моральдық рөлі мен сенімі туралы кейбір мәселелерде мемлекетпен бөліскісі келетін тұстары болуы мүмкін. Сондықтан да екі тарап та бір-бірінен пайдаланатын тұстары өте көп.

Ерте ғасырларда мемлекеттік тұрғыдан қабылдауы қиын болған христиандық, IV ғасырда Рим империясының ресми дініне айналды және осы күннен бастап ол қоғамдық және саяси өмірге басымдығын көрсете бастады. Алайда, XIIV ғасырдан бастап өзгере бастаған мемлекеттік түсініктер мен реформалық қозғалыстардың арқасында шіркеуде пайда болған догматикалық құбылыстар мен жаңа діни көзқарастар бұл институттың тарихына әсерін тигізіп, өзгеруіне әкеп соқты. Бұл жағдай философтар үшін дін мен мемлекеттік саясаттың қарым-қатынасын қайта қарауда маңызды зерттеу алаңына айналды.

XVI ғасырдан бастап XX ғасырға дейінгі кезеңде осыған қатысты көптеген жаңа философиялық көзқарастар айтылған. Нақты дәлелдерге сүйене отырып, бұл көзқарастарды төрт топқа бөлуге болады.

Бұлардың алғашқысы – діннің саясаттан абсолютті үстемдігін қарастыратын және саясатты дінге тәуелді механизм ретінде қарастыратын көзқарас. Бұл орта ғасырларда христиан дінін іс жүзінде көрсете алған. Бұл көзқарастың негізгі өкілдерінің пікірінше, бәрін Құдай идеясымен байланыстыра отырып, тарихи тұрғыдан рухани өрістің артықшылығына сүйене отырып, жердегі іс-әрекет осы шеңберде ғана мәнге ие болады.

Бұл көзқарастың негізгі өкілдері реформа қозғалысының бастамашылары болған Лютер мен Кальвин, ал кейінірек Бодин, Боссюте және Де Мистерді айтуға болды. Соның ішінде Бодин, мемлекеттің мақсаты мен бір діни сенімге ие болуы керек екендігіне баса назар аударып, дін барлық азаматтарды біріктіре алатын, табиғи құбылыс екенін айтады.

Дін мен саясаттың өзара байланысын зерттейтін екінші көзқарас дінді саясаттың құралы ету керектігіне баса назар аударады. Макиавелли мен Монтескье осы көзқараспен бөліседі. Діннің әлеуметтік функциясы мен саясатын пайдаланып мемлекеттік басқаруға көмектесе алатын жағымен бағалайды.

Дінді саясатқа бағындыру керек деген Гоббс, христиан мемлекеті идеясымен мемлекеттік жүйенің қалыптастыруын көздеген. Бұған қоса алғанда, Спиноза мен Руссо да осы көзқарастарға жақын деп санауға болады.

Ал үшінші топтағылар болса, дін мемлекеттік саясаттың алдында әлеуметтік және саяси салада дінді басқаша өзгертуді немесе толық жоюды қолдайды. Бұл Проудон мен Огюст Комте және социалист Сейнт Симонның көзқарасы.

Заманауи зайырлылық тұжырымдамасының төртінші әрі ең соңғы ықпалды көзқарасы бойынша, дінді саясатпен байланыстыру керек пе, әлде саясатты дінмен байланыстыру керек пе деген сұрақ мағынасыз деп қарастырған.

Зайырлылық ұлттық егемендік идеясымен тығыз байланыста. Оны қолдаушы және белгілі бір мағынада түсіндіру тұжырымдамасын мемлекеттің басқару жүйесімен байланысты екенін анық көрсетеді. Бұл жағдайда мемлекеттің ұлттық егемендіктің рухын толығымен аша алатындығы және соған сәйкес институттандыруды жүзеге асыратынын және кейбір мәжбүрлеу шараларын қажет еткенінен байқауға болады.

Алайда, зайырлылық ұғымын, ең алдымен эмансипациялық деп санау керек. Сондықтан өзінің табиғаты бойынша ұстанымы қалыптасқан қоғамның адамдарына жауапкершілік пен жеке тұлғалық ұстанымды қалыптастыру қажет. Себебі зайырлылық бір жағынан егеменді мемлекеттік құрылым деп санаса, екінші жағынан, мемлекет оны құрметтейтін және оны қорғауға және салауатты өмір сүруге үлес қоса алатын ерекше саланы қамтиды.

Бұл жағдайда мемлекет адам құқықтары мен азаматтық қоғамды мойындауы және қорғауы керек болғандықтан, дін бостандығын қабылдайды әрі оның жеке құрылымына араласпайды. Сондай-ақ, салауатты діни өмірді қорғайды және қолдайды.

**Исатай БЕРДАЛИЕВ,**
**Ислам құқық ғылымдарының докторы**

# ҚАЗАН АЙЫНЫҢ НАМАЗ КЕСТЕСІ

***Жезқазған қаласының уақыты бойынша***

| Күні | Таң | Күн | Бесін | Екінті | Ақшам | Құптан |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 01.10.2020 | 06:04 | 07:25 | 13:22 | 17:20 | 19:11 | 20:33 |
| 02.10.2020 | 06:05 | 07:27 | 13:21 | 17:19 | 19:09 | 20:31 |
| 03.10.2020 | 06:07 | 07:28 | 13:21 | 17:17 | 19:07 | 20:29 |
| 04.10.2020 | 06:08 | 07:30 | 13:21 | 17:15 | 19:05 | 20:27 |
| 05.10.2020 | 06:09 | 07:31 | 13:21 | 17:13 | 19:03 | 20:25 |
| 06.10.2020 | 06:11 | 07:32 | 13:20 | 17:11 | 19:01 | 20:23 |
| 07.10.2020 | 06:12 | 07:34 | 13:20 | 17:10 | 18:59 | 20:21 |
| 08.10.2020 | 06:14 | 07:35 | 13:20 | 17:08 | 18:57 | 20:19 |
| 09.10.2020 | 06:15 | 07:37 | 13:19 | 17:06 | 18:55 | 20:17 |
| 10.10.2020 | 06:16 | 07:38 | 13:19 | 17:04 | 18:53 | 20:15 |
| 11.10.2020 | 06:18 | 07:40 | 13:19 | 17:03 | 18:51 | 20:13 |
| 12.10.2020 | 06:19 | 07:41 | 13:19 | 17:01 | 18:49 | 20:11 |
| 13.10.2020 | 06:21 | 07:42 | 13:18 | 16:59 | 18:47 | 20:09 |
| 14.10.2020 | 06:22 | 07:44 | 13:18 | 16:57 | 18:45 | 20:07 |
| 15.10.2020 | 06:24 | 07:45 | 13:18 | 16:56 | 18:44 | 20:05 |
| 16.10.2020 | 06:25 | 07:47 | 13:18 | 16:54 | 18:42 | 20:04 |
| 17.10.2020 | 06:26 | 07:48 | 13:17 | 16:52 | 18:40 | 20:02 |
| 18.10.2020 | 06:28 | 07:50 | 13:17 | 16:50 | 18:38 | 20:00 |
| 19.10.2020 | 06:29 | 07:51 | 13:17 | 16:49 | 18:36 | 19:58 |
| 20.10.2020 | 06:30 | 07:53 | 13:17 | 16:47 | 18:34 | 19:57 |
| 21.10.2020 | 06:32 | 07:54 | 13:17 | 16:45 | 18:33 | 19:55 |
| 22.10.2020 | 06:33 | 07:56 | 13:17 | 16:44 | 18:31 | 19:53 |
| 23.10.2020 | 06:35 | 07:57 | 13:16 | 16:42 | 18:29 | 19:52 |
| 24.10.2020 | 06:36 | 07:59 | 13:16 | 16:40 | 18:27 | 19:50 |
| 25.10.2020 | 06:37 | 08:00 | 13:16 | 16:39 | 18:25 | 19:48 |
| 26.10.2020 | 06:39 | 08:02 | 13:16 | 16:37 | 18:24 | 19:47 |
| 27.10.2020 | 06:40 | 08:03 | 13:16 | 16:36 | 18:22 | 19:45 |
| 28.10.2020 | 06:41 | 08:05 | 13:16 | 16:34 | 18:20 | 19:44 |
| 29.10.2020 | 06:43 | 08:06 | 13:16 | 16:33 | 18:19 | 19:42 |
| 30.10.2020 | 06:44 | 08:08 | 13:16 | 16:31 | 18:17 | 19:41 |
| 31.10.2020 | 06:46 | 08:09 | 13:16 | 16:30 | 18:16 | 19:39 |

***Ахмет ишан Оразайұлы атындағы мешіт.***

## СҰРАҚ-ЖАУАП

### *АЛТЫН ЖӘНЕ КҮМІС ӘШЕКЕЙДЕН ЗЕКЕТ БЕРУ МІНДЕТ ПЕ?*



Ханафи мәзһабында тума алтын-күміс, алтын-күміс әшекейі және алтын-күміс ыдыс-аяқтан зекет беріледі (Жәуһаратун нәйира, 2/198).

Имам Шафиғи: «Кез келген әшекейді тағуға рұқсат етіледі және оған зекет берілмейді», – деген (Муғни әл-мұхтаж, 1/390).

Ханафи мәзһабы бұл үкімде мына хадисті негізге алады:

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) қолына алтын білезік таққан екі әйелді (Асма бинт Язид пен оның қызын) көреді. Олар Қағбаны тәуап жасап жатқан еді.

Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) олардан: «Сендер мына әшекейдің зекетін бересіңдер ме?» – деп сұрайды.

Олар: «Жоқ», – деп жауап береді.

Сонда Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Алла қолдарыңа тозақ отынан жасалған екі білезік тақғанын қалайсыңдар ма?» – деп тағы сұрайды.

Олар: «Жоқ», – деп жауап береді.

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Олай болса, оның зекетін беріңдер», – дейді (Тирмизи, Әбу Дәуіт, Нәсаи).

Демек, әйелдер өздерінің алтын-күміс әшекейлерін басқа дәулетіне қосып, зекетті есептеп шығарады. Яғни, алтын-күміс әшекейі, қағаз ақшалар, сауда заттары және қажеттіліктен артық байлықтарын бірге есептеп, жалпы соманың 2,5 пайызын зекетке беру міндет болады.

Ал, жақұт, маржан және гауһар сынды әшекейлерден зекет берілмейді. Бірақ, сауда затына айналған жағдайда, олардан да зекет беру міндет болады (Фәтәуаи Һиндия, 1/241).

### *ҚҰСТЫ ТОРДА АСЫРАУҒА БОЛА МА?*

***Кейбір жануарлар мен құстар жаратылысынан түсі, дауысы т.б. жағынан әсемдікке ие. Әсемдікті, көркемдікті кез келген жан жақсы көреді. Бұл – шүкір етуді талап ететін Алла Тағаланың нығметі.***



Алла Тағала Құранда былай дейді:

قُلْ مَنْ حَرَّمَ زِينَةَ اللهِ الَّتِي
أَخْرَجَ لِعِبَادِهِ وَالطَّيِّبَاتِ مِنَ الرِّزْقِ

«(Уа Пайғамбар!) «Алланың құлдарына шығарған әшекейлері мен ризықтардың жақсыларын харам етіп жүрген кім?» деп айт»[1].

وَالْخَيْلَ وَالْبِغَالَ وَالْحَمِيرَ لِتَرْكَبُوهَا وَزِينَةً

«Әрі жылқыны, қашырлар мен есектерді мінулерің үшін һәм әсемдік үшін (жаратты)»[2].

Имам Құртуби: «Әсемдік үшін пайдаланып жатқан нәрселердің барлығы мәкруһ емес. Тек шариғатта тыйым салынған дерек келсе немесе рия[3] мақсатында болса ғана тыйым салынады»[4], – дейді.

Осы ретте, жұмһұр ғалымдар (Ханафи, Мәлики, Шафиғи) құстарды қапаста асырауға және онымен шариғаттың аясынан шықпай сауда жасауға рұқсат берген[5].

Оған Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Уа, Әбу Умаир! Нұғаир[6] не істеп жүр»[7], – деген хадисін дәлел ретінде алға тартады.

Ибн Хажар: «Бұл хадис қапаста құс асырауға рұқсат екенін білдіреді»[8], – дейді.

Алайда торда құс бағуға рұқсат етілу үшін төмендегі мынадай шарттар орындалуы тиіс:

Мақтаншақтық, тәкаппарлықтан аулақ болу;

Құс асырауы құлшылыққа кедергі болмау;

Оған жұмсалатын тамақта ысырапшылдыққа жол бермеу;

Уақытылы тамағын беру. Себебі Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Бір әйел мысықты қамап, оған ештеңе ішкізіп-жегізбей, тіпті, жердегі жәндіктерді жеуіне мұрша бермей өлтіргені үшін азапқа душар болғанын және сол себепті тозаққа кіргенін»[9], – баяндаған.

Құсты асырауы азаптауға, зиян беруге алып бармауы қажет.

Сондықтан жоғарыдағы аталған шарттар негізінде торда құсты асырауға рұқсат етіледі. Бірақ жұбынан айырып, қапаста жалғыз қалдырмай, жыртқыш құспен бірге ұстамай асыраған жөн.

**ҚМДБ шариғат және пәтуа бөлімі**

## БҮГІНГІ КҮН ТАҚЫРЫБЫНА

# ӘЛЕМЖЕЛІНІҢ ӘЛЕГІ немесе ҚҰРАНДАҒЫ «КІРПІК» БІЗГЕ НЕНІ ДӘЛЕЛДЕДІ?

***ХХІ ғасыр ашық ақпараттық қоғам екендігі мәлім. Мәліметтердің қолжетімділігінің артуына ғаламтордың үлесі зор. Қажетіңе жарайтын ақпаратты да, қажетсізін де осы ғаламтордан іздейміз. Интернеттен оқыған немесе естіген мәліметтерге қарай өмірімізде де өзгерістер жасаймыз. Бұл қазіргі кездегі қалыпты жағдайға айналған үрдіс. Мұның мысалын 2020 жылы орын алып, қоғамда қызу талқыға түскен оқиғалардан байқауға болады.***



2020 жылдың наурыз айында «Құранның «Бақара» сүресі жазылған бетінде пайғамбардың кірпігі бар, соны қайнатып ішсе коронавирусқа ем екен» деген мазмұндағы қисынға келмейтін әңгіме әлеуметтік желіде қатты талқыға түскен болатын. Тіпті, бұл пікірді растаушы адамдар мен бейнематериалдар да ғаламторларда көп таралды.

Бұл мағынадағы хабарларға реакция ретінде дін мамандары мен діни сайттар барынша дер кезінде жауап беруге тырысқаны бар. Аталмыш ақпаратқа қатысты адамдардың пікірі түрліше болғанын байқауға болады. Бірі бұл «емнің» ақылға сыймайтындығын айтса, тағы бірі не сенерін, не сенбесін білмей абдырап қалды.

Ал, кейбірі мұны растап, сенетіндігін жеткізіп жатты. Осы тұста СОЛ МАТЕРИАЛ мен осы мазмұндағы мәліметтерді ҚАБЫЛДАУЫ мен оны ТАРАТУЫНА ҚАРАЙ адамдарды бес топқа жіктеуге болады:

– ақпаратты мүлде талқылаудан бас тартып, уақытын ысырап қылудан бас тартқандар. Бұл топтағылар қисынсыз, әрі пайдасыз шаруаларға уақытын ысырап етпеуге дағдыланған адамдар. Сыни ойы мен дүниеге көзқарасы біршама қалыптасқан жандар. Өзінің өмірін нақты пайдалы істерге жұмсауға бағыттайды. Мұндай азаматтар әрқашан қоғамға қажет және көбіне еңбегі жемісті болып келеді;

– ақпаратты таратып, өз ойын қосып «хайп» жасауға тырысқандар. Бұл топтағы адамдар әлеуметтік желідегі парақшаларында әрқашанда елді қызықтыруға бағытталған материалдарды бөлісуге жаны құмар қолданушылар. Сол арқылы танымалдылығын арттыруға немесе өзгенің назарын аударуға күш салады. Өзі бөлісетін материалдардың өзгеге қалай әсер ететінін немесе қоғамға зарарын елеп-екшеп жатпайды. Сондықтан бұл топтағы адамдар қоғамға зарарлы ақпараттарды көптеп таратып жатқандығын өздері де байқамай қалады;

– материалды қарап, оны өзгелерге сенбеуді ескертіп, таратқандар. Бұл топтағылар өздерінің дұрыс деп тапқан пікірін өзгемен бөлісуге дайын тұратын жандар. Алайда, өзінің істеп жатқан әрекетінің әрқашан дұрыс бола бермейтіндігін ескермейді. Нәтижеде, жақсы пікірмен қоса зиянды ақпараттардың да таралуына үлес қосады;

– жалған ақпаратқа сеніп, өзгелердің де соған сай әрекет етуін қалайтындар. Жоғарыдағы кірпік жайлы мәліметке сеніп, оны өзгелерге де ем болатындығын дәйектеуге «шын жүректен» тырысқандар. Мұндай, адамдарда сыни ойлау немесе діни сауаты мен логикалық тұжырымдауы төмен. Сондықтан жалған ақпаратқа тез сеніп қалады және оны шын мәнінде тәжірибеде орындауға тырысады. Мысалы, кірпікті ем болсын деп қайнатып ішуі мүмкін;

– материалдарды саяси немесе өзге де жымысқы мақсат пен мүдде үшін тарататындар. Бұл топтағы адамдар басқаларға қандай да бір мақсатты көздеп әсер ету үшін материалдарды таратуға тырысады. Мысалы, өзінің рейтингін көтергісі келетін әлеуметтік парақшалар мен баспа құралдары немесе қандай да бір тауар өткізуді қалайтын компаниялар, тіпті, үлкен ұйымдар болуы да мүмкін.

Дәл осындай елді алаңдатқан ақпараттың бірі карантиндік жағдайда азық-түліктің тапшы болатындығы жайлы мазмұнмен орын алған еді. Бұл, оқиға да 2020 жылдың наурыз айында, карантиндік шектеулер енгізілер тұста ортаға шықты.

«Азықсыз қаласың» деген сынды әлемжелідегі мәліметтер сауда орталығына барушыларды күрт көбейтті. Азық-түлік алуға асыққан тұрғындардың бірі бұл ақпаратқа сеніп жүгірсе, өзгесі «сақтықта қорлық жоқ» деген ұстаныммен қамбасын толтырып жатты.

Тіпті, ресми билік өкілдері елде азық-түлік қорының жеткіліктілігін барлық ақпарат құралдары арқылы мәлімдеп жатса да, сауда орталықтары мен базарлардағы сауданың қарқыны бәсеңдемеді. Алайда, қаңқу ақпараттың жалғандығы кейін өздігінен анық болды. Ресми биліктің мәліметі расталды.

Енді екі ақпаратқа ортақ дүниелерден аздаған тұжырым алсақ:

– жалған немесе қисынсыз мәліметтердің ел арасында дүрбелең салуға немесе адамдарды оп-оңай адастыруға болатындығын айқындап берді;

– ресми мәліметтерді ескермеу қандай да бір мәселе жайлы қате тұжырымды қалыптастыруға жол ашады;

– интернеттегі ақпараттарды сұрыптау қабілеті төмен азматтардың бар әрі көп екендігі байқалды. Нәтижеде, дұрыстығына толық көз жеткізбеген мәліметтерді тарату жиілеуде;

– жалған ақпарат діни сауаттылық немесе қоғамдық мәдениетке кері дүние екенін тағы бір көрсетті. Мысалы, қазіргі заманғы Құрандағы қылшықтың сонау он төрт ғасыр бұрын өмір сүрген пайғамбардың кірпігі болмайтындығы айтпаса да түсінікті. Ал, ондай қылшықтың ем болуы шариғатта мүлде қабыспайтын дүние.

Жалпы, қазіргі кезде әлемжелі мен ғаламтордағы қаңқу ақпараттар біздің өмірімізге тікелей әсер етіп, қоғамды басқарып отырғандай көрінеді. Сол жерден естіген-көргендерімізді өмірімізге енгізуге асықпыз. Алайда, бұл виртуалды әлемдегі әрбір ақпараттың артында не жымысқы ой жатқандығын ойлап бас қатыра бермейміз. Оған көзсіз сене кетеміз.

Осы тұста Елбасының «Интернет кітапты алмастыра алмайды. Жақында мен «Кім кітапты көп оқыса сол интернетте отырғандарды басқаратын болады» дегенді оқыдым. Бұны да ескеріңіздер. Интернетке кіріп кеткендердің, кітап оқуы қалып бара жатқандай» деген сөзі еріксіз көкейге оралады (inform.kz).

Яғни, ақпаратты сынсыз тұтынушыны ақпарат беруші басқаратынын айтқысы келіп тұр. Өкініштісі, бұл мәселе дін саласын да өз құрсауына алуға тырысуда. Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) хадисінде «Шынайы мүмін – бір іннен екі рет қатарынан зиян шекпейді» (Бұхари, әдәб 83; Муслим, зүһд 63) деген өсиеті баяндалған.

Хадистің мағынасы – адам бір қателікті қайталамауы, керісінше әрбір қателіктен сабақ алуы тиіс. Біздің жағдайда әрбір отандасымыздың болашақта жалған ақпараттың арандатуына түспеуі маңызды. Өйткені, алдағы уақытта бұдан да үлкен талқылау мен дүрбелең туғызатын материалдардың интернеттен жарқ етуі әбден мүмкін.

**Рахымжан РАШИМБЕТОВ**

*Kazislam.kz*

БІРІНШІ БАЙЛЫҚ

# ТҰМАУ мен COVID-19

## *белгілерін ажырата білу маңызды*

***«Бәйменова» отбасылық-дәрігерлік амбулаториясының жалпы тәжірибе дәрігері Мәриям Ахметжанова «Инстаграм» әлеуметтік желісінде тікелей эфирге шығып, коронавирус инфекциясы мен тұмауды ажыратудың жолдарын түсіндіріп берді.***

– Тұмау мен коронавирус инфекциясы өте ұқсас. Себебі, бұл екеуі де РНҚ-лы вирустарға жатады және жоғары өзгергіштік және мутагендікке ие. Екеуінде де эпидемиялық және пандемиялық таралу қаупі жоғары, – деп эфирді бастаған дәрігер дерттердің клиникасына да тоқталғанды жөн көрді.

Бұл екі инфекция да өткір басталады. Науқастың дене қызуы көтеріледі, бұлшық еті ауырып, буындары сырқырайды, жөтел күшейеді. Іш өтуі де әбден мүмкін. Асқыну жағдайларында дем жетіспеу, өткір респираторлық дистресс синдром, жедел жүрек қан тамыр жетіспеушілігі, инфекциялық токсикалық шок, сепсис, системалық полиоргандық жетіспеушілік байқалады. Бұл екеуінде де әлсіздік байқалады, науқастар көбіне жата бергісі келеді. Бір қарағанда бұл екі ауру симптомдары бірдей және оларды ажырату мүмкін емес сияқты көрінеді. Бірақ, дәрігердің айтуынша, тұмау кезінде адам бірнеше күннен кейін өзін жақсы сезіне бастайды, ал коронавируста керісінше, күн өткен сайын жағдай нашарлай береді. Тұмау мен коронавирустың алғашқы сатыларында олардың еш айырмашылығы болмағанмен, коронавирус кезінде демікпе пайда болады. Осыдан-ақ науқас «тұмаумын» деген ойынан айнуы керек.

Тұмау да, коронавирус инфекциясы да адамнан адамға ауа тамшылары арқылы, тығыз қатынаста болғанда және қолды жумағанда, гигиена талаптары сақталмағанда, қолмен көзді, ауызды, мұрынды ұстаған жағдайда жұғады. Дегенмен, тұмаудың жұғу қауіпі Covid 19-ға қарағанда төмен.

– Тұмауда контагиоздық клиникалық белгілермен басталады. Тұмау вирусы 5-10 күн бөлінеді. Инкубациялық кезең 2-4 күн (орташа 2 күн). Симптомсыз түрі де жұқпалы болуы мүмкін. Covid-19 контагиоздылығы жоғары, тез таралады. Контагиоздық клиникалық белгілерден 48 сағат бұрын басталады және ұзаққа созылады (2-5 апта). Симптомсыз түрі де жұқпалы болуы мүмкін, 2-14 күн (орташа есеппен 5 күн), – деген Мәриям Ауданбайқызы тұмаудың алдын алу үшін екпе салдыруға болатынын желі қолданушыларының есіне салды.

Ауру белгісі байқалған науқастар бірден отбасылық дәрігеріне хабар беруі керек. Сұйықтықты көп ішіп, үй жағдайында қалу да маңызды. Науқасқа дәрігердің нұсқаулығы бойынша алғашқы 24-36-48 сағатта вирусқа қарсы препараттарды қолдануға кеңес беріледі. Қызуды түсіретін, жөтелге қарсы және қақырықты сұйылтатын дәрілік препараттар да тағайындалады. Асқынған жағдайда өкпе қабынуы немесе жоғары тыныс жолдарының қабынуында рационалды түрде антибактериалдық терапия жүргізіледі.

«Ауырып ем іздегенше, ауырмаудың жолын ізде» демекші, медицина қызметкері A, C, D дәрумендерін немесе олар құрамында бар тағамдарды жиі тұтынуға, сондай-ақ, көпшілік жерге бармауға, масқа тағуға, қауіпсіз арақашықтықты сақтауға кеңес берді.

**Бота ШАЛҚАР**

# ҚАУІПТІ ДЕРТКЕ ҚАРСЫ ӘРЕКЕТ АЛГОРИТМІ

***Коронавирус жұқпасының алғашқы белгілері болған кезде сырқат адам өз бетімен ем қолданып немесе медициналық көмекке жүгінбей, жүріп қалмай, өзінің отбасы дәрігеріне хабарласқаны абзал. Не болмаса жедел медициналық көмек қызметіне «103» нөмірі бойынша хабарласуы керек.***

Көп кезде ауырған адамдар терезе ашық тұрды, кондиционер қосулы болды, терлеп келдім, суық су іштім, балмұздақ жедім деп басқа факторлармен байланыстырады да дәрігерге бірден көрінбей, өз бетінше емделіп жүріп қалады. Бұл асқынушылыққа әкеліп соғуы ықтимал.

Үй жағдайында қалай емделеміз? Біріншіден, ауырғаныңыз туралы жұмыс орнында басшыңызға хабарлап, үйде қалыңыз. Отбасы амбулаториясына телефон шалыңыз немесе дәрігеріңізге вирус жұқпасының симптомдары бар екенін хабарлаңыз. Отбасы дәрігері мен мейірбибі сізді күнделікті қашықтықтан бақылауға алып, ем тағайындайды. Бұл кезеңде күнделікті өз денсаулық жағдайыңызды толықтай медицина қызметкеріне хабарлап отыру қажет. Дене қызуын күнделікті 2 рет өлшейсіз және сұйықтықты көп ішу керек. Жөтелу пайда болып немесе күшейіп, тыныс алу жиілігі артқан, сөйлегенде, бөлмеде жүргенде ентігу болса, пульсоксиметр көрсеткіші 95%-дан төмендеген жағдайда ол туралы отбасы дәрігеріне хабарласыңыз немесе «103» көмегін шақырыңыз. Барлық амбулаториялар мен емханаларда мобильдік топтар құрылған және қажет болған жағдайда осы топтағы дәрігер мен медбибілер үйге келіп сырқатты қарайды, ем шараларын жүргізеді және зертханалық тексерістерге алады

ПЦР нәтижесі оң болса, бірақ аурудың белгілері болмаса немесе жеңіл түрде аз уақыт қана болған жағдайда пациент үй жағдайында емделіп, үй карантиніндегі шектеу шаралары жүргізіледі. Өткен эпидемия уақытында COVID-19 жұқпасының белгілері жоқ немесе жеңіл түрде, орташа ауырлық түрімен ауырған көп пациенттер үй карантиніне алынып емделді. Үй карантиніне қойылатын қатаң талаптар бар екенін ескеру қажет. Олар: сырқаттанған адамға бір бөлмені бөлу қажет; сырқат адам далаға шықпайды; үйге адамдар келмеуі керек; үйдегі адамдар қолдарын жиі жуу керек және карантин бөлмесіне кірген кезде маска киюге міндетті; бөлмені күнделікті жуып залалсыздандыру, желдету, бөлек ыдыс-аяқ қолдану және ол ыдыс-аяқты да залалсыздандыру керек. Сонымен бірге, карантин болған отбасында 65 жастан асқан кісілер, 5 жасқа дейінгі балалар, жүкті әйелдер, иммунитеті төмен, созылмалы жүрек, өкпе, бүйрек аурулары бар адамдар болмауы керек. Сырқаттың мобильдік телефоны ұдайы қосулы болып, ол өзінің жағдайын жасырмай дәрігерге күнделікті хабарлап отыруы шарт. Өз отбасыңызды, жақын жандарыңызды осы қауіпті вирустан сақтап қалу мақсатында, үй карантині жағдайындағы осы сақтық шаралары мен талаптарды сақтау маңызды.

Коронавирус жұқпасының диагностикасы мен емдеуі туралы клиникалық хаттамаға сәйкес пациенттің жалпы жағдайы, демалысының жиілігі, ентігуі, сатурациясы анықталған соң ауруханаға жатқызу туралы тактика қолданылады. Егер сырқат ауыр жағдайда болса немесе орташа ауыр түрде сырқаттанған, бірақ 65 жастан асқан, жүрек-қан тамырлары, өкпенің, бүйректің созылмалы аурулары бар болса немесе жүктілік кезеңі болса онда сырқат ауруханада емделеді.

***Жібек БАЙБОСЫН,***
**«Тильман» ЖШС-нің дәрігер-эпидемиологы**

БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ!

# КҮРЕҢ КҮЗ КӨҢІЛ ТҮСІРМЕСІН



***Қоңыр күз келісімен көп адамдардың көңілі жабырқау тартып, бойларын делсалдық, шаршаңқылық билейді екен. Ертеден сары ала сағыныштың маусымы ретінде саналатын осынау мезгілде адамдардың басым бөлігінің жабығу себебі неде деп ойлайсыз?***

Осы тұста жұмыр басты пенденің торығу сәтінің күзбен тұспа-тұс келуінің жыл мезгіліне түк те қатысы жоқ дерсіз. Десе де, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының зерттеуі бойынша, жер бетіндегі әрбір бесінші адам күзгі депрессияға шалдығады екен. Осыған байланысты жаны жүдеп, жүрегі жабырқау тартқан адамдардың суицидке баруы да осы тұста тым жиілеп кететін көрінеді. Әлем бойынша депрессияға шалдыққан адамдардың өз-өзіне қол жұмсау деңгейі 11 орынды иеленеді. Бұның себебін дәрігер мамандар қоңыр салқын күзде күн көзі алыстап, күн сууы, жауын-шашынның да көп түсуі салдарынан иммунитет әлсіреп, бас, жүрек, буын ауруларының артатынымен түсіндіреді. Депрессия құрсауына түсетін адамдар көбіне күн сәулесі аз, тез суық түсетін жерлердің адамдарында көп болады екен. Себебі күз мезгілінде адам ағзасында күн сәулесі арқылы берілетін Д витамині азаяды және мелотонин гармондарының бөлінуі де жай жүзеге асады. Күзгі депрессияның басты белгілеріне адамның көңіл-күйі болмай қоршаған ортадан бұйығылануы, өзін жалғыз сезінуі, қимыл-қозғалыс белсенділігінің төмендеп, ұйқыға үйір болуы, тамаққа деген тәбетінің жоғалуы сияқтылар жатады екен. Сонымен қатар, депрессияға шалдыққан адамдардың өзгелерге деген өкпе-реніші артып, ашуланғыш болып кетеді екен. Осыған қоса, олардың өз-өзіне деген сенімі жоғалып, іштей өзін жек көре бастайды. Мамандар осындай уақытта қысылмастан психолог көмегіне жүгінген дұрыс дейді.

Күзгі депрессиядан шығудың бірнеше жолы бар. Күрең күздің құшағында көңілі түскен жандарға мамандар табиғат аясына шығып демалып қайтуға, витаминді дәрі-дәрмектер мен құнарлы тағамдарды қолдануға, бұрын айналысып көрмеген жаңа істермен шұғылдануға кеңес береді. Бұл кезеңде белсенді дене қозғалысы мен дұрыс тамақтануды да қолға алған жөн.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**







# БАЛАЛАРҒА ДЕГЕН ҚАМҚОРЛЫҚ

***Алғабас ауылында тамыз айының басынан дәстүрлі республикалық «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы «Жүректен жүрекке» ұранымен басталған болатын.***

Осыған орай әлеуметтік жағдайы төмен, көпбалалы отбасылардан шыққан оқушыларға көмек және қолдау көрсету мәселелеріне қоғамның назарын аударуды мақсат еткен акцияны жоғары деңгейде өткізуге байланысты іс-шаралар жоспары әзірленді.

Акцияның негізгі мақсаты – аз қамтылған, көп балалы және тұрмысы төмен отбасылардың балаларына жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке бармауының алдын алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету. Шара барысында алты оқушы 35 мың теңге көлеміндегі қаржыға оқу құралдарымен қамтамасыз етілді.

**Есенкелді ОРАЗБАЕВ,**
**№14 Алғабас орта мектебі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары**






# АИТВ – ҒАСЫР ІНДЕТІ

***Елімізде АИТВ жұқпасын жұқтырғандар саны жылдан-жылға көбейіп келеді. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, ЖИТС індетінің дүниежүзін дүрліктіргеніне 30 жылдан асыпты. Адамның иммунтапшылығы вирусы ағзаны түрлі аурулардан қорғайтын қорғаныштық жүйені зақымдайды. АИТВ жұқтырғандар бірнеше жыл бойы өзін сау сезініп, кәдімгідей өмір сүре береді және өздері білместен басқа адамдарға ауру жұқтыру көзі болуы мүмкін.***

ЖИТС – жұқтырылған иммунтапшылығының синдромы, ол АИТВ жұқпасының ақырғы кезеңі. Әлемде АИТВ жұқпасымен әр минут сайын 10 адам тіркеледі. 2020 жылдың 1 қыркүйегіндегі мәлімет бойынша елімізде АИТВ жұқтырған адамдардың саны 38 мыңнан асып отыр. Ал, Қарағанды облысында осы дертке шалдыққандар саны – 6228 адам. Індеттің таралуы есірткіні инемен тұтынушылар арасында – 31,9%, жыныстық жолмен – 62,8% жағдайда байқалып отыр. Осы дертке шалдығушылардың көпшілігі жастар: 20-29 жас аралығында – 1 8,3%, 30-39 жас аралығында – 39,7% құрайды. Гендерлік құрамы: ерлер - 66,6%, әйелдер–33,4%. Әлеуметтік жағдайына байланысты АИТВ жұқтырғандардың арасында жұмыссыздар – 56,3%, жұмыс істейтіндер – 29,5%.

Вирустың ағзаға түскенін адамдар бірден білмейді. АИТВ адамның иммундық жүйесін бұзып, адамның өміріне қауіп төнгізеді. АИТВ-жұқпасының клиникалық белгілері әртүрлі, оның өзіне ғана тән белгілері жоқ. Ол әртүрлі аурулардың белгілерімен – дене қызуы көтеріліп, баспа белгісі, бездер үлкейіп, іштің өтуі, денеде бөртпелер пайда болуымен байқалып, ауру әрі қарай адамның иммунитеті мен денсаулығына байланысты өрбиди. Одан кейінгі кезең бірнеше айдан 3-5-10 жылға дейін созылып, аурудың жедел белгілері болмайды. Бірте-бірте иммунитет төмендеуіне байланысты аурудың барлық белгілері ауырлап, аурудың соңғы сатысы ЖИТС-ке ауысады. Иммунтапшылығы вирусын жұқтырған организм әртүрлі жұқпаларға, қауіпті аурулардан қорғансыз болады. Қазіргі уақытта медицина саласының бұл науқастарды толық емдеуге мүмкіндігі жоқ. Бірақ ЖИТС-тің өрбуін тежеп, науқастың өмірін ұзартып, өмір сүру сапасын жақсартуға мүмкіндік беретін емдеу тәсілдері бар. Бұл үшін антиретровирустық препараттар қолданылады. АИТВ вирусы – сыртқы ортада тұрақсыз, ағзадан тыс ортада тез жойылады. Індет тұрмыстық жолмен берілмейді. АИТВ жұқпасы ауа арқылы (жөтелгенде, түшкіргенде ) таралмайды, бассейнде және табиғи суда шомылғанда, ортақ әжетхананы және жуынатын бөлмені пайдаланғанда, ортақ тұрмыстық құралдарды (ыдысты, асхана, төсек-орын жабдықтарын) қолданғанда, құшақтасқанда, қол алысқанда, сүйіскенде, маса және басқа жәндіктер шаққанда жұқпайды.

Әр адам өзін және жақын туыстарын, достарын осы індеттен қорғағысы келсе, АИТВ туралы біле жүргені артық болмайды. Одан сақтану жолдары да қарапайым.

**АИТВ жұқпасының берілу жолдары:**

1. Парентералды жол. Қан арқылы жұғады. Ине, ота жасайтын, сән құрылғылары арқылы да жұғуы мүмкін. АИТВ-жұқпасын тасымалдаушылар арасында нашақорлар көптеген жағдайда осы індеттің таралуына себеп болады, мұндай топтарда есірткі қолданушылар есірткіні ортақ ыдыста дайындап, ерітіндіні ортақ бір шприцпен бір нашақордан екіншісіне көктамырға енгізедіі. Косметикалық процедура (маникюр, педикюр, пирсинг, тату, құлақ тесу) кезінде әрқашанда, зарарсыздандырылған, не бір рет қана қолданатын щприц және аспаптарды пайдалану қажет. Тату, құлақ тесу сияқты процедуралар арнайы кабинеттерде жасалуы керек. Есірткіні тұтыну мен енгізуден аулақ болу. Татуировка, пирсинг, маникюр, педикюр жасатқан кезде өте сақ болу, инелердің залалсыздандырылуына айрықша мән беру. Шприцтерді, татуировка салатын, ортақ қырынатын, маникюрлік және басқа да жеке бастың гигиенасын сақтауға арналған құралдарды ортақ пайдалануды болдырмау.

2. Жыныстық қатынас арқылы: адамдар қарапайым сақтану шараларына немқұрайлы қарағандықтан АИТВ жұқтырады. Соңғы жылдары бұл сырқаттың жыныстық жолмен берілу үлесі артып отыр. Өкінішке қарай, жұқпаның жыныстық жолмен таралуы бақылаусыз болып отыр. АИТВ-ның бұл жолмен таралуының алдын алудың жалғыз жолы – қауіпсіз мінез құлықты ұстану және жыныстық серіктестікпен өзара адалдықты сақтау. Ойланбай жасалған мінез-құлық әрекеттері күтпеген зардаптарға әкеледі.

3. Анадан балаға берілуі: егер анасында вирус болса, жүктілік және босанған кезде АИТВ анадан балаға жұғады. Анадан балаға тік жолымен берілуінің алдын алу мақсатында, республикада жүкті әйелдерді АИТВ-жұқпасына уақытылы тексеруден өткізу ұйымдастырылған. АИТВ бар немесе жоғы тек зертхана тексерісінен кейін белгілі болады.

Әрбір адам күдіксіз өмір сүру үшін АИТВ-ға тексеруден (тестілеуден) өтіп, өзінің АИТВ статусын білу керек. АИТВ статусы дер кезінде ем алу үшін және басқа адамдарға АИТВ жұқтырмауы үшін қажет. «Қарағанды облыстық ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі орталығының» Жезқазған бөлімі мемлекеттік мекемесінде психоәлеуметтік кеңес беру кабинеті жұмыс істейді Егер сізді әлдебір сұрақтар мазаласа, АИТВ/ЖИТС туралы қосымша мағлұмат, кеңес алғыңыз келсе, мына мекенжай бойынша хабарласуға болады. **Жезқазған қаласы, Пирогов көшесі, 9 үй (ауруханалар қалашығы) Қарағанды облыстық ЖИТС орталығының Жезқазған бөлімі.**

**Сенім телефоны 41-00-76**. Тестілеу және кеңес тегін жүргізіліп, құпиялық сақталады.

Бұл аурудан сақтанудың ең қарапайым әрі сенімді әдісі – білімді болу және сақтана білу. Денсаулығына ұқыптылықпен қарап, ауырмаудың жолын іздеу – әркімнің міндеті.

**Гүлбаршын ӘЛИЕВА,**
**«Қарағанды облыстық ЖИТС-тың алдын алу және күресу жөніндегі орталығы» КМК Жезқазған бөлімінің дәрігер- эпидемиологы**